МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ЕЛДІҢ МҰРАТЫ 12

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ 20

«LE FRANÇAIS, C'EST SUPER!» 26

AUEZOV UNIVERSITY 1943

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

# Университет

№8 (214), шілде, 2023 ж.




## ҚҰРМЕТТІ ТҮЛЕКТЕР, ҚАДІРЛІ АТА-АНАЛАР, ПРОФЕССОРЛЫҚ ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҰЖЫМ!

Бүгін барлығымыз үшін ерекше керемет күн.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін 8139 жас маман тәмамдап отыр. Оның 479 –сі үздік диплом иегерлері

Жылдан-жылға түлектеріміз бен үздік студенттеріміздің саны өсіп келе жатыр. Бұл біздің оқу орнымыздың әлемдік аренадағы рөлі мен беделін анықтайды.

Қазіргі уақытта Президентіміз өзінің сайлауалды платформасында, стратегиясы мен жолдауларында жоғары білім мен ғылымға өте үлкен мән беруде. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Шын жүректен сіздерді өмірлеріңіздегі аса қуанышты да ерекше сәтпен диплом алуларыңызбен үлкен қуанышпен шын жүректен құттықтаймын!

**М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор, Д.П. Кожамжарова**



## ДОРОГИЕ ВЫПУСКНИКИ!

Сегодня самый знаменательный день в Вашей жизни. ВЫ достойно закончили самый крупный многопрофильный вуз страны, входящий в ТОП - 500 луших вузов мира, развивающийся по модели инновационно- предпринимательского университета.

Вы знаете, у нашего Президента есть мечта – сделать Казахстан большим исследовательским хабом в Евразии. Уверен, что среди вас есть будущие наши ученые, сильные специалисты. Мечтайте, ставьте перед собой мечту, чтобы не потеряться в повседневных заботах.

Созданы все условия, чтобы Вы получили достойное образование. Образом жизни современного молодого человека XXI века становится непрерывное обучение – учение через всю жизнь! Образование – это индустрия, направленная в будущее, знания-клад, а труд – ключ к ним!

**Председатель Правления-Ректор, Д.П.Кожамжарова**

# ҮЗДІК ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ



Биыл университетімізді түрлі халықаралық және республикалық сайыстардың жүлдегерлері, ғылыми жобалардың авторлары, ең үздік студенттеріміз аяқтап жатыр. Олардың ішінде бокстан әлем чемпионы Сабырхан Махмуд Айдарұлы, Сахтаганова Жадыра Осербаевна, Райханова Гулнура Бурибаевна, Мамырбекова Динара Ғалымжанқызы, Литвинова Екатерина Алексеевна, Агаев Миркамил Муслимович, Бақыт Жанэль Асанқызы, Сарыбек Ақерке Сәкенқызы сынды үздіктеріміз бар.

## ҚАДІРЛІ ДОСТАР!

Диплом табыстау шарасында университет түлектерінің алдында сөз сөйлеу – үлкен мәртебе һәм жауапкершілік. Бүгінгі мүмкіндікті пайдаланып мен сіздерге өмірлік тәжірибе үшін қажеті болар үш кеңес бергім келеді.

Ең әуелі, сіздерге айтарым, «өмір бойы үздіксіз білім алу» қағидасын ұстаныңыздар. Өйткені ақпарат пен технология, жасанды интеллект дамыған қазіргі заманда білім тез ескіреді, тез жаңарады. Осыдан 20 жыл бұрын телеграф немес телефонист деген мамансыз өмірімізді елестете алмайтын едік, ал қазіргі жастар олардың кім екенін білмейді. Есесіне, осыдан 10 жыл бұрын мобилограф сияқты мамандықтың пайда болатынын болжау қиын еді.

Сіздерге айтар екінші кеңесім – қателесуден қорықпаңыздар. Ештеңе жасамайтын, ештеңеге талпынбайтын, енжар адам ғана қателеспейді. Қателік немесе сәтсіздік – жұмыстың жаңа әдісін көруге мүмкіндік. Мәселен, Эпл компаниясының негізін қалаушы Стив Джобсты кезінде өзінің компаниясынан қуып жіберген. Алайда Стив Джобс өзінің табандылығының арқасында ештеңеге мойымай мықтылығын дәлелдеп басқа компанияның негізін қалайды. Үшіншіден, жанашыр болыңыздар. Жанашырлық – бүгінгі таңда сирек кездесетін қасиет. Қай істе, қай жерде болмасын жанашыр болу керек. Бүгін дипломдарыңызды алып, күні ертең жұмыс істеуге кірісесіздер. Одан бөлек ата-аналарыңызға, жақындарыңызға, достарыңызға жанашыр болыңыздар, қамқор болыңыздар. Қоршаған ортаға, табиғатқа, мемлекетке жанашыр азаматтар керек. Бұл әділетті қоғамды қалыптастырудың басты алғышарты болса керек. Ең алдымен, білім және ғылым саласының барлық қызметкерлеріне шынайы ықыласымды білдіремін. Сіздер еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етіп келесіздер. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады.Бәріміз де кезінде мұғалімнің тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет.



## ҚЫМБАТТЫ ТҮЛЕКТЕР!

Сөз соңында айтарым, үздік дипломдарыңыз құтты, әрі игілікті болсын! Тәуелсіз Қазақстан елінің ардақты азаматтары болуларыңа шын жүректен тілектеспін! Еңбекте табыс, дендеріңізге саулық, бастарыңа бақ-береке тілеймін!

**Ақ жол, қымбатты түлектер!**



# Ауэзов университет подписал меморандум с Сианьским университетом международных исследований



Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова успешно завершил переговоры с Сианьским университетом международных исследований, в ходе которых был подписан меморандум о сотрудничестве. Этот документ направлен на укрепление международных отношений и налаживание долгосрочного партнерства.

Важными аспектами обсуждения стали возможности для развития академической мобильности студентов, стажировок для магистрантов и докторантов, обмена опытом с преподавательским составом, а также проведения совместных исследовательских проектов и интеграции в международные академические инициативы.

Данное сотрудничество предоставляет уникальные возможности для студентов, магистрантов, докторантов, преподавателей и научных сотрудников обеих учебных заведений, улучшая их возможности для профессионального роста и научной работы.

Стоит отметить, что с 4 по 7 июля 2023 года делегация из Шымкента, возглавляемая заместителем акима г. Шымкента М.Исаховым, проводит деловые встречи в г.Сиань, вошли. В состав делегации входят руководители управлений, акимы районов, представили сферы образования и бизнеса.

Основной целью визита является налаживание всестороннего взаимодействия и обмена опытом между сторонами в соответствии с меморандумом об установлении взаимного партнерства, подписанным между городами Шымкент и Сиань в рамках визита Президента Республики Казахстан К.К. Токаева в Китайскую Народную Республику.

Также во время поездки в Китай, Университет Ауэзова ознакомилось с работой Сианьского медицинского университета.

# Ұлыбританияның Қазақстандағы Елшісі бастаған делегация ресми іс-сапармен университетімізге келді



2023 жылдың шілде айының 5-ші жұлдызында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне Ұлыбританияның Қазақстандағы Елшісі Кэтрин Джейн Лич, саясат және басқару жөніндегі кеңесші Лариса Волкова және байланыс маманы Әйгерім Сұлтангерееева бастаған делегация ресми іс-сапармен келді.

Іс-сапар барысында университет басшылығымен кездесу өтіп, жоғары білім саласындағы тығыз ынтымақтастық мәселелері талқыланды, Ұлыбритания ЖОО-мен ынтымақтастық, Ұлыбритания ЖОО-ның ғалымдары мен профессорларын біздің университетте дәріс оқу үшін тарту, студенттер үшін академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру, Қазақстан мен Ұлыбритания ғалымдарының ғылыми конференцияларда, семинарларда, жобаларда қатысу, болашақ мамандарды бірлесіп даярлау, біздің докторанттарымыздың шетелдік жетекшілігі және т.б. мәселелер талқыланды. Ұлыбритания Елшісі Кэти Лич өз кезегінде Ұлыбританияның Жоғары оқу орындарының Оңтүстік Қазақстан университетімен ынтымақтастығын ұйымдастыруға дайын екенін білдіріп, жылы қабылдағаны үшін алғысын білдірді. Кездесу соңында Ұлыбритания елшісіне естелік кәдесый табысталды.

# Шетел тілін оқытудағы соңғы ғылыми-практикалық идеяларды жүзеге асыру




19-30 маусым аралығында М.Әуезов университеттінде өткен «Шетел тілін оқытудағы соңғы ғылыми-практикалық идеяларды жүзеге асыру» Халықаралық академиялық жазғы мектеп өз жұмысын ресми түрде аяқтады. Жазғы мектептің негізгі мақсаты – мұғалімдердің өз салаларына қатысты жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы білімдерін кеңейтіп, біліктіліктерін арттырып оны жаңартуға көмектесу. Жазғы мектептің мақсаты толығымен орындалды және бұл іс-шараға Ұлыбритания, АҚШ, Түркия, Грузия, Вьетнам, Өзбекстан, Ресей, Канада, Қазақстан және т.б. көптеген спикерлер қатысты. Бұл ағылшын тілі мұғалімдері үшін ағылшынша сабақ беру тәсілі болды және барлық қатысушылар Жазғы мектепте білімдерін жетілдірді.

Жазғы мектеп 90 академиялық сағатқа созылды және толық курсты аяқтаған барлық спикерлер мен қатысушылар Халықаралық сертификаттармен марапатталады!

# ЛУЧШИМ ВЫПУСКНИКАМ ВРУЧИЛИ ДИПЛОМЫ




Состоялась церемония вручения дипломов лучшим выпускникам Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. Торжественную церемонию открыли с видеопоздравления министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбека. Он поздравил студентов с достижением долгожданного диплома. Также с приветственным словом выступили и вручили дипломы студентам председатель правления - ректор нашего университета Кожамжарова Дария Пернешовна, исполняющий обязанности акима города Шымкент Асылов Куаныш Жумабекович и начальник Департамента полиции города Шымкент Генерал - Майор Дальбеков Кайрат Султанбаевич.

Стоит отметить, что в этом году в нашем университете заканчивают учебу около 10 тысяч студентов. Из них 8400 студентов получили степени бакалавра и около 500 студентов стали обладателями диплома с отличием.

Желаем удачи нашим выпускникам в их новым жизненном этапе!!



# Әуезов университетінің студенттері Қазақстан Халқы Ассамблеясының тіл мектебіне қатысты

2023 жылғы 25-30 маусым күндері Жетісу облысында Қазақстан Халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктеріне арналған Тіл мектебі жазғы лагері өтті. Жазғы тіл мектебіне М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері және «Достық» ұйымның белсенділері Юлдаш Ойбек пен Тұрғанбекова Сапаргүл де қатысып, белсенділік танытқаны үшін сертификат табысталды.

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында ел аумағынан жиналған этномәдени бірлестіктердің жастар өкілдері ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған арнайы жобаға қатысқа. Аталған жоба аясында барлығы 65 адам білімін жетілдірді.

Мемлекеттік тілді оқыту барысында сарапшылар қызықты ойындар мен еркін форматтағы пікірталастар арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығын оятып қана қоймай, оны өз беттерінше зерделеп, өзіндік сөйлеу мен жазу қабілеттерін дамытуға көмектесті.

# Студенты Ауэзовского университета участвуют в летней школе для молодых журналистов



30 июня 2023 года состоялось официальное открытие Media Bootcamp - летней школы для молодых журналистов. В рамках этой школы принимают участие студенты третьего курса образовательной программы журналистики Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова: Айганым Труысбек, Аяулым Лесбек, Канат Жолдасбеков и Аружан Самидин.

Мероприятие, которое организовано при поддержке Министерства информации и социального развития Республики Казахстан, направлено на формирование пула специалистов, отвечающих современным требованиям в сфере журналистики, путем повышения квалификации и развития профессиональных навыков молодых журналистов.

В Media Bootcamp принимают участие 50 студентов и магистрантов из 20 высших учебных заведений 13 регионов страны. Их кандидатуры были отобраны из 98 заявок.

Кроме того, в рамках государственного образовательного заказа по образовательной программе в этом году «Журналистика и репортерское дело» было выделено 197 грантов на бакалавриат, 100 грантов на магистратуру и 15 грантов на докторантуру.

# Университетіміздің Басқарма төрағасы - Ректоры Қожамжарова Дария Пернешқызы БАҚ өкілдерін мерекелерімен құттықтады

Бүгін университет базасында оқу ордамыздың басшысы Дария Пернешқызы жергілікті БАҚ өкілдерін келіп жеткен мерекелерімен құттықтап, отандық БАҚ саласының дамуына қосқан үлесі үшін арнайы алғыс хаттармен марапаттады. Сондай-ақ, кездесу барысында



жас тілшілерімізге университет телестудиясында өңіріміздің белді журналисттерімен сұхбат алу сәті бұйырды.

Еске салсақ, 2019 жылдан бастап Үкімет қаулысымен 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі күні болып бекітілген болатын.

Яғни бұл дегеніміз халықтың әл - ауқаты мен қоғам тынысынан хабар тарататын тілшілер қауымың кәсіби мерекесі.

Барша Бұқаларалық ақпарат құралдары қызметкерлерін келіп жеткен мерекелеріңізбен құттықтай отыра, шығармашылық табыстар тілейміз!!

# "500 ғалым" бағдарламасы бойынша грант иегерлерін құттықтаймыз!




Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия отырысының 2023 жылғы 22 маусымындағы шешімінің қорытындысы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 10 оқытушысы шетелдегі жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми-өндірістік орталықтарында "500 ғалым" бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге грант иегерлері атанды.

# QS WUR: В ГЛОБАЛЬНЫЙ РЕЙТИНГ ВОШЛИ 21 ВУЗ ИЗ КАЗАХСТАНА

QS World University Ranking опубликовало юбилейный 20-й рейтинг лучших университетов мира. В глобальный рейтинг вошли 21 вуз из девяти городов Казахстана.

В выборке приняли участие 2 963 вуза со всего мира, из них только 1 499 вузов из 104 стран вошли в рейтинг лучших, в том числе 21 вуз из Казахстана (в 2022 году - 16).

Количество казахстанских вузов в рейтинге увеличилось на пять по сравнению с аналогичным показателем предыдущего года (+31,25 %) и в два с лишним раза больше по сравнению с количеством университетов страны в институциональном рейтинге 2021 года.

Расширилась география рейтинга, теперь в нем принимают участие вузы из девяти городов Казахстана, что также является значимым достижением для казахстанского высшего образования. В прошлом году в рейтинге были представлены шесть городов страны.

Кроме того, в рейтинг лучших университетов мира QS World University Rankings впервые вошли пять казахстанских вузов: Восточно-Казахстанский университет имени Даулета Серикбаева (901-950 позиция), Университет Нархоз (1201-1400 позиция), Университет имени Сулеймана Демиреля (1201-1400 позиция), Кызылординский университет имени Коркыт Ата (1201-1400 позиция), Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати (1201-1400 позиция).

Как отметил региональный директор Британской компании QS по России, Восточной Европе и Центральной Азии Сергей Христолюбов, в течение последних 20 лет методология рейтинга лучших университетов мира QS WUR оставалась в значительной степени неизменной: любые изменения заключались в улучшении существующих методов или процессов, а не в изменении состава индикаторов.

«20-й юбилейный выпуск нашего флагманского рейтинга основан на новой методологии, которая настолько

существенно отличается от предыдущих лет, что мы, строго говоря, не рекомендуем использовать любые сравнения с результатами ранее опубликованных рейтингов», - отметил Сергей Христолюбов.

Особенностью нынешнего рейтинга являются существенные изменения в методологии рейтинга, которая теперь насчитывает девять индикаторов.

В 2023 году добавлены 3 новых индикатора, усиливающих требования к наукометрическим индикаторам вузов:

International Research Network (доля публикации на 1 ученого и количество публикаций в сотрудничестве с зарубежными коллегами с ненулевыми цитированиями (исключая самоцитирование), проиндексированных Scopus за

пятилетний период на сотрудника); Employments outcomes (уровень трудоустройства выпускников и количество выдающихся выпускников); Sustainability (исследование в рамках ЦУР).

Введение трех новых индикаторов привело к снижению веса (с 20 % до 10 %) индикатора «Соотношение количества преподавателей и студентов», по которому вузы Казахстана и других стран региона показывали наиболее высокие результаты.

Вместе с тем, доля казахстанских преподавателей и ученых, имеющих публикации в высокорейтинговых научных журналах до сих пор остается низкой. Казахстан, согласно данным Clarivate Analitics, находится на 83 месте в мире.

Также остается низким такой наукометрический показатель, как количество цитирований на одну публикацию казахстанских




авторов. Эти аспекты оказывают серьезное влияние при ранжировании вузов в мировых рейтингах.

Основной задачей для продвижения казахстанских вузов в рейтингах является наращивание присутствия в высоко цитируемых научных журналах и активное участие в международных научных коллаборациях.

Министерством также предпринимаются конкретные шаги по повышению результативности научноисследовательской деятельности вузов. Так, в 2023 году при Президенте РК создан Национальный совет по науке и технологиям. Разрабатывается новый Закон «О науке и технологической политике». Вводится Казахстанский индекс научного цитирования для мотивации и повышения публикационной активности преподавателей и ученых. В 3,5 раза по сравнению с предыдущим периодом увеличилось финансирование науки. Предусмотрены налоговые

преференции при привлечении частных инвестиций в НИОКР.

Помимо этого, в стране начался процесс формирования исследовательских университетов. В конце 2022 года

Правительством утверждены программы развития ведущих отечественных вузов КазНУ им. аль-Фараби и ЕНУ им. Л.Гумилева, направленные на их трансформацию в исследовательские университеты мирового уровня.

# ОПРЕДЕЛЕНЫ ПОБЕДИТЕЛИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА "JAS TALANT"



Сегодня в клубе «ЮНЕСКО - Дворца школьников» - города Туркестан состоялся заключительный гала-концерт III Республиканского онлайн конкурса «Jas talant», где были победители по итогу конкурса были награждены. В мероприятии приняли участие директор «Дворца школьников» Индира Икапова, руководитель Туркестанского городского отдела развития человеческого потенциала Оразкуль Колдасова, вице-ректор социально-культурного развития МКТУ им. К.А.Ясави Турганбаев Аскар, руководитель аппарата Международного университета туризма и гостеприимства Зиябеков Ержан, Декан факультета культуры и искусства Южно-Казахстанского университет им. М. Ауэзова Танирберген Медеубек и другие заинтересованные лица.

Основная цель этого конкурса - популяризация творчества талантливой молодежи и поддержка через образовательные гранты. Кроме того, внести вклад в повышение туристского потенциала региона в сочетании с национальным и современным ремеслом. В предыдущих конкурсах многие молодые люди, сумевшие доказать свой талант, выиграли гранты вузов, а сегодня были определены обладатели 20 образовательных грантов и различных льгот. Сегодня мы стали свидетелями победы сильнейших, - рассказала один из главных организаторов конкурса, директор «Дворца школьников» Индира Саркытовна.

По результатам конкурса, организованного в номинациях «Пальчики», «Молодые творцы», «Краеведение», «Мода, дизайн интерьера и промышленный дизайн»," культурно-досуговая работа» и «Хореография» 13 участников получили гранты от фундаментальных вузов, 2 претендента получили скидку на оплату обучения, 4 из них были награждены специальными дипломом.

В номинации «Мода, дизайн интерьера и промышленный дизайн» I место заняла Атамбаева Асем, тем самым получила 100% квоту в Южно-Казахстанского университета им.М. Ауэзова, а также Юн Елена, занявшая II место Юн Елена и занявшая III место Ермек Акбота, получили 75-процентную и 50-процентную скидку на обучение в данном университете. Кроме того, в номинации» Культурно-досуговая работа» победитель Каирбеков Мадияр, и победитель в номинации «Хореография» - Бердибай Дарига также стали обладателями квоты Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова.



# Университетіміздің студенті XII жазғы универсиадада дзюдо спортынан 1-орынды иеленді

Ақтау қаласында Қазақстан Республикасының 50 ден астам жоғары оқу орындары арасында өткен универсиадада университетіміздің Аграрлық факультеттің 4 курс студентіміз Әбдімәліков Мейіржан дзюдо спорты түрінен барлық қарсыластарынан басым түсіп, 1-орынды иеленді. Спортшыларымызды шын жүректен жеңісімен құттықтаймыз!

# Наши студенты заняли призовые места по боксу на Универсиаде



Студенты 3 курса Ауэзовского университета Шахар Руслан и Турганбек Архат завоевали бронзовые медали в весовых категориях 67 и 63,5 кг в XII летней Универсиаде среди студентов высших учебных заведений Республики Казахстан. Поздравляем наших спортсменов и желаем достичь больших высот!!

# Университетіміздің мақтанышы Сейден Ұлпан Әлем кубогының қола жүлдегері атанды

"Спорт және туризм" факультетінің 3 курс студенті Сейден Ұлпан Венгрия астанасы Будапештте өткен кикбокстан ересектер арасындағы Әлем кубогында 3 орынды иеленді. Әлем елдерінде көк туымызды желбірете бер Ұлпан. Жеңіс құтты болсын!



# Мои воспоминания и впечатления о поездке в британские вузы

С момента получения гранта «Лучший преподаватель вуза – 2011г» в феврале 2012 года в городе Астане по сегодняшний день прошло более 11 лет. В тот год на средства гранта Лучший преподаватель вуза я посетила Москву, Санкт – Петербург, Ереван, Прагу, Нюрнберг, Лондон и Эдинбург. Могу сказать, что каждый город оставил свой след и свои воспоминания, но самые яркие впечатления произвела поездка в британские вузы.





В мае месяце Британский совет провел семинар для нас обладатели гранта «Лучший преподаватель» в городе Алматы. Мы с моей коллегой из ЮКГУ профессором Куляш Сырмановой участвовали в этом семинаре и попали в настоящую творческую атмосферу. Были проведены конкурсы на самую необычную историю, на лучший совместный научный проект и т.д. на этом семинаре из 20 участников – 10 записались в поездку для посещение британских вузов. С 17 по 27 ноября мы посетили 5 вузов в Англии и 2 вуза в Шотландии. В первый же день 18 ноября у нас была экскурсия по Лондону. Мы полюбили этот город уже в июле, когда из Лондона приходили вести о победах олимпийцев, и в течение десяти дней по золотым медалям Казахстана находился на шестом месте в рейтинге.

Лондон оправдал наши ожидания, 18 ноября – в день экскурсии стояла солнечная погода и мы с удовольствием посетили все те места о которых знаем с детства: Биг Бэн, Букингемский дворец, Скотланд – Яру, Тауэрский мост, Альберт – Холл, Трафальгарскую площадь и т.д., по ходу экскурсии узнали много интересного, например, что чай в Англию привезли не из Индии, привычку пить чай англичанам привезла жена одного из английских королей – родом из Португалии.

Вечером после экскурсий, на знаменитом двух-этажном красном автобусе отправились в магазин для покупок. Оценили всю прелесть двух- этажных автобусов. Когда ты сидишь на втором этаже, тебя не касаются остановки и то, что люди заходят и выходят, ты как бы плывешь над городом, и любуешься его красотами.

Получается англичане утомительную поездку в общественном транспорте превратили в маленькое удовольствие.

Второе, что меня удивило это музеи. Мы посетили музей науки, в нем 6 – этажей и между этажами курсируют лифты на 20 человек, куда заходят целые классы школьников. Все залы забиты школьниками, у входа на первом этаже специальные ящики – сундуки из железной сетки, куда школьники закрывают свои вещи и портфели. Музеи живут полнокровной жизнью, в них дети не ходят на цыпочках и в тишине, а играют в 3D автоматах, рассматривают историю автомобилей, машин, космоса (всю в натуральную величину), шумят и галдят. Поскольку стоят натуральные вещи в натуральную величину, ощущение что ты попадаешь в другое время.

Теперь о впечатлениях, которое оставили британские вузы. Каждый вуз имеет свою особенность и свою сильную сторону. Два вуза в Шотландии Роберт Гордон и Херриот – Уотт сильные в подготовке кадров для нефтедобывающего сектора. Вузы Гринвич и Вулворт – Хэмптон поразили нас своими разработками в области инновационных технологии.

Перед нами с лекцией выступил выпускник Вулворт – Хэмптона, он работает в технопарке, его бизнес начинался с бизнес – инкубатора (университет на разработку его бизнес – идеи выделил 24 тыс. фунтов стерлингов, в настоящее время его бизнес составляет 472 млн. фунтов стерлингов и имеет 4 филиала), парню всего 24 года. Почти все британские вузы проблемой № 1 считают поиск альтернативных форм энергии (солнечные батареи, энергия приливов и отливов). В некоторых вузах разрабатываются и преподаются редкие специальности, например «история парков и садов», «психология беженцев» или «технология производства виски». Университет Восточный– Лондон запомнился большой электронной библиотекой (в одном зале находится 700 компьютеров) и технической базой.

Много добрых и хороших слов хочется сказать об Университете Дарэм. Главный корпус выполнен в стиле «хай–тек», здание соединены стеклянными потолками, много зелени, в холлах висят подлинные полотна известных художников (Пабло Пикассо и т.д.). Студенческое общежитие находится в замке средневековой постройки, причем студенты питаются в настоящем дворце и им сервируют стол, как в ресторане. Проживание в таком замке стоит 5 тыс. фунтов стерлингов в год. Обучение в университете дорогое, но оно компенсируется, тем, что позволяет получить образование высокого качества.

В ходе поездки по вузам, мы входе бесед и встреч установили много личных контактов и договорились о совместных дальнейших работах и проектах. В 2013 году, через год после визита в Англию, к нам в университет приезжал профессор университета Дарем А.Бацанов для чтения лекций и проведения совместных научно-исследовательских работ.

Британское образование считается лучшим в мире, поэтому для нас профессоров и доцентов из 9 вузов Казахстане (Шымкента, Караганды, Тараза, Усть-Каменогорска, Алматы, Уральска, Атырау) это поездка была крайне полезна, в плане профессионального роста, научного знания и приобретения опыта международного сотрудничества.

Много полезной информации нам дала встреча со студентами из Казахстана, обучающимися в городе Лондоне. Их рассуждения, свободный взгляд, умение сопоставлять факты и эрудиция нас порадовали. У нас выросла хорошая смена. Я с благодарностью вспоминаю организатора поездки Дилляру Вуворд и ее команду, так же все вузы Британии, которые встречали нас в ходе визита и проявили истинное гостеприимство и уважительное отношение к нам преподавателям из Казахстана. Прошло столько лет и мы видим, что сотрудничество казахстанских и британских вузов продолжается и крепнет.

**Лауреат Государственной премии,**
**профессор кафедры «Химия и фармацевтическая инженерия»,**
**Джакипбекова Н.О.**

Қазақ жерінде қолына қалам алып, ақындығын ұштаған ақын өте көп. Туған жерінен шабытына шабыт қосып, аузына дүйім елді қарата білген ақынның бұлда бір даралығының көрінісі болар. Ақынды ақын деп, тұлғаны тұлға деп танитын халық. Халық таныған тұлға қашанда тұлға болып қалыптасады. Осындай тұлғалар қашанда жарқырай түспек. Сол аты аңызға айналған тұлғалардың бірі де , бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы.



# Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы

Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлер өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін біден-бір жол деп ұғынды

Сондықтан «Өнер алды- қызыл тіл» деген қазақ мақалын естен шығармайық. Мұны қазақ сөз қадірін білгендіктен айтқан. Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кедесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ зиялыларының азаматтық және интеллектуалдық даму деңгейі өте жоғары болды. Бұл белгілі шындық. Оның кеңестік шығыстағы түркі халықтарының ішіндегі ең мықтысы қазақ зиялылары болғанына ешкім дау айта алмайды. Қазақ даналығы мен руханиятының жеткізушілері мен көрсетушілеріне жасалған шектен тыс қатыгездік, олардың түбегейлі жойылуы, қарапайым халықты қатты үрейлендіріп халықтың санасына қатты әсер етті. Осылайша патша үкіметі қазақтың барлық киелі жерлерін таптап, ұлт көсемдерінің соңына шырақ алып түсті. Сол шырақ алып соңына түскен зиялылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ақынның қаламынан туған сыршыл өлеңдерінен бастап, өзіде жіті бақылауда болды.

Халқының азатта, бостандық таңында күн кешуі үшін бастарын бәйгіге тіге білгендерін бұл күнде біз барынша айтып келеміз.

Сол тұлғалардың бірі де, бірегей ұлтымыздың жанашыры болған, халықтың мұң-мұқтаждығын түгендеп, барынша ұлттың ұстазына айнала білген Ахмет Байтұрсынұлы жайлы сыр шертпекпін. Қазақ халқына оның ішінде ұлтқа, қазақ тіліне жанашыр бола отырып, ұлттың ұлы ұстазына айналып, барынша қазақтың жағдайының жақсаруына үлесін қосып, ұлтшыл білген тұғырлы қайраткер. Сонымен қоса, қараңғы қазақ көгіне күн болып жарқырауды өзіне мақсат ете отырып, сауатсыздықтың шырмауында күн кешкен қазақтың көзін ашып, көкірегін ояту мақсатында аянбай еңбек етіп, өз өмірін қатерге тіге білген. Өзінің өмірін шүберекке түйіп қойып, халық үшін күн кеше білген. Ұлтжанды азаматтың көкейінде бір арман болды. Ол қазақ халқының азат та, тәуелсіз өз елінде күн кешуі.

Ахмет қазақ поэзиясында ойып орын алған тұлға. Ахмет қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, ерекше еңбегімен, таңдаулы туындыларымен жәнеде дүние жүзі еңбектерімен поэзияның майын ішкен талант иесі. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған халықтың жоқтаушы жаршысы ақындары бар қазақ ешқашанда жұртта қалмас. Ұлы тұлғаны заман туғызды. Ахмет халықтың мүддесін, тілек- талаптарын өмір шындығын арқау етті. Қоғам өміріндегі аса маңызды мәселелерді терең толғап, заман қамын, ел зарын шебер бейнелей білген тұлға. Әр ақын әр қырынан таныла біледі.

Сондай-ақ, қазақ тілінде сөйлеп, қазақтың тілін, дінін, салтдәстүрінің сақтап қалуына еңбегі сіңген ерен ер деп мақтанышпен айта аламыз. Айта кететін болсақ, сыршыл да, жыршыл атамыз әдебиеттің майын ішіп, жілігін шақты десек артық болмас. Әр-түрлі еңбектер жаза отырып, мысал өлеңдер шығара білді. Ақынның өлеңдеріне ішіне үңілсек, ұйықтап жатқан қазақты оятып, көкірегін ашу мақсатында жазылғанын түсінеміз. Өзге тілдегі өлеңдерді аударуы, жұртына деген сәуле себу болатын. Барлық бағытта бағын сынаған ұлы тұлғамыздың қазақ әдебиетінде аты алтын, әріппен жазылып, көптеген әдебиет жанашырларына үлгі және ұран бола білді.Тарих төрінде сақталған әдебиет беттерін парақтасақ, көптеген асыл сөздер мен әрленген теңеу сөздердің Ахмет Байтұрсынұлына арналғанын көреміз.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі-қазіргі жаңа заманға өте керек. Қазақ халқы басқа елдерден дінімен, салтымен, тілінің тазалығымен ерекшеленеді. Тіл тазалығының шұбарланбауы ұлттың жойылып кетпеуіне зор мүмкіндік сыйлайды. Тілі бар халықтың болашағы жарқын, тәуелсіздігі мәңгі болмақ. Қазақтың басынан небір зұлмат күндермен жау көз алартқан кезеңдерден құндылықтарымызды оның ішінде тілімізді аман алып өтіп, бізге аманаттағандығын қастерлеуіміз қажет болар. Тіл жоғалса, тұтас халық жоғалатынын білгеніміз абзал. Тілі жоқ халық, жоғалып жер бетінен ғайып болары ескерсек, тілдің тазалығын сақтау жолдарында қажырлы еңбек ете отырып, өткеніміздің өзектілігін айқындайтын тілдің теңдессіз байлық екеніндігін ұрпаққа айта отырып, келер ұрпаққа жеткізуге аманаттау біздің яғни бүкіл қазақ халқының міндеті, парызы деп айта аламыз. Тіл жолында талай жүрегі қазақ деп соққан ұлтжанды жандарымыздың жазбаған жыры, айтылмаған сыры, жырланбаған жанашыр жазбасы кемде-кем деп нық сеніммен айта аламын. «Тәрбие басы -тіл» деп, Махмұд Қашқари айтып еткен болатын. Тәрбиенің басында тілдің тұратындығы айқын. Ана тілін ұмытқан адам өзінің де өткенімен болашағын ұмытады.

Тәуелсіз елде өмір сүруіміз тұлғамыздың арманының айқындығында деп мақтана да,маркая айта береміз. Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары арқылы бүгінгідей рухани құндылықтың азайған шағында, қоғамның келеңсіз жайттарына тұсау салуға болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Ақынның мұрасы бүгінгі ұрпақ жүрегіне шынайы сезімнің ұшқынын жағуға болатынына көз жеткізу.

**Ветеринарлық медицина кафедрасының аға оқытушысы Қамбаров А.Ә., АП-20-8к2 студенті Мырзаханқызы Д.**



# ПО СЛЕДАМ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

В целях реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в соответствии с договором №10-ПЦФ-23-24 от 25 января 2023 года по теме исследования: ИРН BR18574180 «История и творческое наследие Алашской интеллектуальной элиты конца – XIX – первой половины XX вв.» были направлены в научную командировку для работы в Национальную библиотеку им. Алишера Навои с 4 июня – по 13 июня 2023 года. Но поездка городом Ташкент не ограничилась. За эти 10 дней нам удалось побывать на святых местах городов: Ташкент, Самарканд и Бухара.

В городе Ташкент наша группа побывала в мавзолее Толе би, захороненного рядом со своим духовным учителем шейхом Хованди Тахуром. В городе Самарканд мы побывали в Регистане (медресе, построенных Жалантос батыром), а также в мавзолее Эмира Тимура. В городе Бухара наша группа посетила культурный памятник ЮНЕСКО мавзолей святого Бахауддина Накшбанди.

С 5-11 июня работал в Национальной библиотеке им. Алишера Навои. Здесь мы нашли очень ценный материал «Русско-узбекский словарь», выпущенная в 1915 году, а также перевод надписей на исторических памятниках 1895 года, выпущенный Сералы Лапиным. Мы отсканировали данную книгу, и карманный словарь видного ученого тюрколога, переводчика Сералы Лапина. В целях реализации Культурного наследия в дальнейшем этот словарь и перевод надписей можно будет переиздать.

В дальнейшем мы проводили переговоры с учеными (Шамсуддинов Рустамбек, Кахрамон Раджабов) и взяли у них ксероксы архивных материалов. А также мы встретились с местным управлением города Самарканд, для реконструкции места захоронения видного общественного и политического деятеля Сералы Лапина. Сама находка по фотографии места его захоронения является ценным для восстановления национального духа казахского народа. На следующий год планируется провести конференцию в широком масштабе при поддержке департамента культуры Республики Узбекистан.




Наша работа во время переговоров шла с МИЦАИ (Международный институт изучения Центральной Азии) при ЮНЕСКО. Тем самым показывая, роль Сералы Лапина в становлении нашей государственности.

В выходные дни когда, в библиотеке был выходной день мы посетили дом Софьи Асфендиаровой, дочери Санжара и Рабиги Асфендиаровых, которая приходится внучатой племянницей Сералы Лапина.

В библиотеке нам удалось посмотреть статьи и сборники, Махмудходжи Бехбуди, который имел непосредственное отношение к Сералы Лапину и откcерили данные материалы.

В свободное время мы посетили исторические места, связанные с деятельностью казахской национальной элиты начала XX века. Однако документов, касающихся Конырходжи Ходжикова в Национальной библиотеке и в архиве ученых не нашлось. В библиотеке нашли периодическую печать: Туркестанские ведомости и на казахском языке «Түркістан уалаятының газетасы». В этих газетах есть ценные материалы, которые нам удалось взять. А также нашли ценные материалы по газетам «Алаш», «Бірлік туы», «Ақжол».

В целом задачи поставленные на командировку выполнены.

**Батырбеккызы Г.**
**PhD, ст. преподаватель кафедры «История Казахстана»**
**Мулдахметова Ж.И.**
**к.и.н., ст. преподаватель кафедры «История Казахстана»**






# Мамандық таңдау болашағыңды айқындау

Сәлем құрметті жас талапкер! Біз М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің «Мәдениет және өнер» факультеті, «Музыкалық білім» мамандығының 3-курс студенттеріміз. Біздің мамандығымыз музыкаға қатысты болғандықтан, үлкен ерік-жігерді, еңбексүйгіштікті, шыдамдылықты, сондай-ақ өз бетінше көп нәрсені үйрену қабілетін талап етеді. Университет тарапынан біз үшін арнайы жағдай жасалған. Яғни вокалмен айналысуға әр студент жеке кабинетте, оқытушымен сабақ өтеді. Әр кабинет музыкалық аспаптармен жабдықталған. Ал оқытушы ұстаздарымыз, өз мамандығының иесі, жоғарғы білімі бар, өнерлі, білікті мамандар! Біздегі сабақтар, пәндерге байланысты, топтық және жеке болып өтіледі. Топтық болып, «Музыка теориясының негіздері», «Хор класс және хормен жұмыс істеу практикумы», «Гармония», «Сольфеджио» , «Нотալық редактормен жұмыс» пәндері өтілсе, жеке сабақтардан негізгі аспап яғни, домбыра, пианино, баян тағы басқа аспап түрлері болса, тағы «Дауыс қою», «Вокал» сияқты сабақтар өтіледі.






Сабақтан тыс, көптеген іс-шаралар, байқаулар, мерекелік концерттер өтіледі. Әр жылы «Жұлдызды жұп» концерті, «Жас талант» байқауы секілді өз бойындағы өнерін, қабілетін көрсететін түрлі іс-шаралар өткізіледі. Қала аралық байқауларға ұстаздарымыздың берген тәлімімен қатысып, жүлделі орындарға ие болдық. Ол біздің өнерімізді одан әрі шыңдай түседі. Біз осылайша сахна мәдениетін меңгердік.

**«Мәдениет және өнер» факультеті, «Музыкалық білім» мамандығының 3-курс студенттері: Тоқтасын Данияр, Бекболат Мадина.**

# Бітіруші түлектерді ОҚУ-ға шақырамыз

80-жылдан астам тарихы бар. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, докторы, профессоры Қожамжарова Дариякүл Пернешқызы басқарып отыр. Білім және зерттеу инфрақұрылымы дамыған, ғылыми мектептері қалыптасқан, жоғары технологиялар саласында күрделі мәселелерді шешуге қабілетті кадрлық әлеуетке ие Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті көпсалалы ірі университет болып табылады. Еліміздегі жоғары оқу орындары жастарға сапалы білім берумен қатар бәсекеге қабілетті маман даярлап шығаруға қызмет етеді. Университет бүкіл Қазақстанның кәсіпорындары мен ұйымдары үшін мамандар дайындайды. Шымкент қаласы еліміздегі Демографиялық өсім бойынша көшбасшы болып табылады. Қазақстандағы ең ірі (студенттер саны бойынша) университет. Аталған универитеттің «Мәдените және өнер» факультетінің, 6B01420 -«Музыкалық білім» мамандықтары бойынша мамандар дайарлайды. Кафедрамыздың 4 студенті ҚР Президент шәкіртақысы иегерлері. Университет студенттері үшін шел елде оқып келу мүмкіндіктер де қамтылған. «Музыкалық білім» мамандығы әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарында одан әрі оқыту мүмкіндігімен кәсіби музыкалық білім алуға бағытталған.Осы мамандық шығармашылық қабілеттілікті дамытуға, ой-өрісті кеңейтуге және эстетикалық қабылдау мен көркемдік талғамды қалыптастыруға бағытталған. Музыкалық білім мамандығының маңыздылығы-адамның жеке тұлғалық қасиеттерін білдіруге мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді құрал. Музыка пәні арқылы талапкердің шығармашылық қабілеттерін, эмоционалды-сезімдік аясын, музыкалық есту және көркем қиял-елестерін қалыптастыруға бағытталған.

Мамандықтың ішінде(әндету, жеке вокалдық сабақтар, аспаптарда ойнау, хор ұжымдарымен жұмыс жасау, дирижерлік қабілетті арттыру, музыка теориясы және сольфеджио) сабақтары тереңдетіліп үйретіледі.




Білім ол ең үлкен қару. Ұлтты, халықты жоғарыға шығаратын дәл осы білім.Бірнеше жылдан бері осы ұлы қаруды болашақ ұрпаққа үйретін келе жатқан осы М.Әуезов университеті. Мамандық- жауапкершілікті талап ететін қызмет. Қарыштап дамып жатқан елдерге қызыға да, қызғана да қараймыз. Олардың жеткен жетістіктерін айтып, таңдай қағамыз. Ендеше, біздің елгеде алға жылжу үшін білікті мамандар мен үздіктер қатарында жүрген мамандықтардың шаңын қағу керек. Сол деңгейге жетуге біздің университеттің де көмегі көп. Кәсіби білікті, жоғары білімді, заманға лайықты бәсекеге сай жеке тұлғаны қалыптастыруды алдына мақстан етіп қойған М.Әуезов атындағы ОҚУ-ның студенті болуға асығыңыздар. Сондықтан біздің заманауи оқу орнымызға оқуға шақырамыз.

Құрметті талапкер-2023! ОҚУ-ға оқуға келіңіздер!

**М.Әуезов атындағы ОҚУ-ның «Музыкалық білім» мамандығының аға оқытушысы Салтанат Ағабекова.**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-ның «Музыкалық білім» мамандығының студенттері: Мажит Бұлбұл, Қиясхан Мереке.**

# Оқу мен тәрбие егіз дүние

«Оқу мен тәрбие егіз дүние». Бұл екеуін ұштастыру, қатар ұстап жүру білімді ұрпақтың міндеті. Осыдан оқу мен тәрбиенің сапасы шығады. Жалпы балаға тәлім-тәрбие беретін ата-ана, ұстаз. Сауатты берілген тәлім-тәрбиені – жалпы адамзат баласы, санамызға құйып, оны әрмен қарай жетілдірсек осыдан сауатты ұрпақ жалғасын табады демекші, сауатты ұрпақтың міндеті - өз құқықтарын, өз міндеттерін орындау және қорғауында.

Адамдар қайсы бір қоғамда болсын өмір сүріп жатқандықтан, олардың өзара қатынастары сол қоғамның сапалы қызметінің нәтижесі болып табылатын өздерін ұстау ережелерімен реттеледі. Жалпыға бірдей міндетті осы ережелерді, сол қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір азамат сақтауға тиісті.

Қайсы бір уақыттарда болсын, адамзат баласында өзін және әлемді тани білетін ақыл мен қабілет қатар жүріп отырды. Сондықтан ол өзінің және өзгелердің әрекеттеріне баға беріп, олардың салдарын алдын ала сезіне отырып, өзара қатынастарда қалыптасқан нормалар арқылы, қоғамның рухани дамуына, әлеуметтік тәртіптердің қалыптасуына алып келді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде егемендігін алғалы адам құқықтарын сақтау мен бас бостандықтарын қорғау саласында өз құқықтары пайда болды. Мемлекет тарапынан бақылауға алынған нормативтік актілерде нақтылана бастады, орындалу тетігінде қалыптасқан жинақтылық болғандықтан одан туындайтын құқық ережелерін сақтау, мемлекеттің барлық азаматтары үшін міндетті болып табылады.

Ол әрбір жеке адамға ғана емес, тұтас адамдар тобына да қатысты. Құқық нормаларымен реттелетін қатынастарға түсе отырып, адамдар мен олардың топтары, ұйымдары сол нормаларды бұзбауға тиісті болып белгіленді. Өмірдің қай саласында болсын, адамдар арасындағы қатынастарда реттілік құқықтықтық тәсілдер орнатуға бағытталады. Мысалы, өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау құқығы, білім алу құқығы, ж.т.б. субъективті құқықтарды атауға болады.

Соның ішінде ең бастысы, ата-аналар мен мектеп ұстаздары жас ұрпақтардың денсаулығын сақтау құқығы мен білім алу құқығын орындауды өздеріне басты міндет етіп алады.

Басты байлық денсаулық дегендей, денсаулық сақтау құқығын орындау үшін, салауатты өмір салтын сақтауымыз қажет болып белгіленген. Ол дегеніміз –қоғам болып тиым салынған теріс әрекеттерден (темекі шегу, ішімдік, нашақорлықтан) аулақ болып, айналамызға қамқорлық жасау.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін, оның алдын алып, дұрыс жөн сілтеу арқылы, қоғам дертін емдеуге үлес қосу, барша адамзатқа парыз, дұрыс білім алу құқығын орындау болып табылады.

Білім алу құқығын қорғауға атсалысуымыз үшін, мұғалімнің берген білімімен сусындап қана қоймай, жан-жақты іздену әрекетін бойымызға сіңіру қажет. Ол үшін интернет жүйесіндегі мол ақпараттың ең маңыздысын және қажеттісін алу. Сол арқылы, тұтас ғалымдар мен әлеуметтік сала мамандарының зерттеулеріне жүгіну арқылы сауыт ашу және білімізді жетілдіру бүгіні күннің талабы.

Бүгінгі таңда жас жеткіншектерден бастап құқықтық тәрбие беру, өз ана тілі мен ата заңын біліуі өте басты сұрақтардың бірі ретінде қоғам болып ойландыратын жағдай. Ол оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытады, өз пікірін айтуға, тұжырым жасауға үйретіп, отан алдындағы патриоттық тәрбиені береді. Мемлекетте өмір сүріп жатқан азаматтар өздерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдарды білуі қажет. Бұл әрбір адамды қоғам алдындағы жауапкершілікке сүйреумен қатар, әрбір салалық заңнама ережелері адамға міндеттер жүктейді. Заң алдындағы басты міндет! Адам басқалардың құқықтарын бұзбауы, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысына қол сұқпауы керек. Адам күнделікті өмірде түрлі жағдайда өмір сүреді: отбасында, жұмыста, мектепте, көпшілік жерде және тағы басқа қоғамдық орындарда. Адамның қоғам мен мемлекет алдындағы міндеті: мемлекетті қорғау, салық төлеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, отбасылық құндылықты сақтау ж.т.б.

Өмір болған соң табиғи заңдылық, құқықтық қабілетке ие елімізде адам саны өсуде, қаншама бала дүниеге келуде. Осы адамдардың барлығы бір заңға бағынады. Ол – Ата заңымыз –«Конституция» деп аталады. Әр елдің, мемлекеттің өз азаматтарына арналған заңы – Конституциясы бар. Оны балаға құрметтеуге сыйлауға үйрету баршамызға парыз.

Бұл Негізгі заңда біздің құқықтарымыз ғана емес, міндеттеріміз де қатар жазылған. Оған дәлел, сіз бүгін мектептесіз, сіз барлық адамдар секілді; оқуға, білім алуға құқығыңыз бар. Сонымен қатар, міндетіңізді ұмытпау абзал. Ол дегеніміз– сіз тегін орта білім алуға міндеттісіз. Мына мектеп бәрімізге білім беретін үлкенде, жарық та, кең, әдемі бөлме, жақсы білім алып, тәртіпті, саналы азамат болып, өсіп Отанына қызмет етуіңіз үшін жабдықталып жасалған.

«Адам құқығы - бала құқығын қорғаудан басталады» демекші. Иә, шынында да, бала дүниге өмір есігін ашып, келген сәтінен-ақ өзінің құқығына ие болады. Себебі «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы» деп Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында белгіленген.

Мемлекеттік биліктің бірден бастауы бастауы - халық. Адам оның басты қазынасы. Яғни адам өзінің ойын, пікірін еркін айтуға құқылы. Елімізде балалардың құқықтары қорғалуына негіз ретінде айтуға болады: ол - Балалардың өмірін жақсартуға бағытталған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы.

Әр елде негізгі заңдарында жазылғандай «адам мен азаматтардың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін заңдылықтар болуы керек». Қазақ елінде, Қазақ хандығы құрылғаннан бері хандық дәуір өмір сүрді. Яғни, хандар басқаруындағы мемлекет тәжірибесі орын алды.

Оның ішінен Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Есім ханның «Ескі жолы», Қасым ханның «Қасқа жолы» сияқты заңдар қолданылаған. Ал қазіргі таңда елімізде «Жаңа-Қазақстан», жаңа дәуірге қадам басқан талай құқықтық өзгерістер күтіп тұр.

Әуелі, адам құқығына байланысты Конституция 30 тамыз 1995 жылы жалпы хаықтық референдумда қабылданаған болатын. Қоғам қайраткері, танымал конституционалист ғалым А.К. Котов: «Жалпы социологиялық категория ретінде,- адам құқығы мен мемлекеттік құқықтық ұғымның бірбірімен тығыз байланыста болуы – табиғи жағдай. Олардың арасындағы ерекшелік – адам құқығы мен мемлекеттік құқықтың қолданылу жағдайы бір- бірінен тыс болуында» деп жазған. Бұл әлемдік қауымдастықпен гуманистік құқықтық ретінде мойындалған құқықтық негіз деседе болады.

Адам құқығын сыйлайтын мемлекеттерде, негізінде жеке азаматқа деген түрлі көзқарастар мен құндылықтарды өз Конституциясында бекітеді және оны күнделікті қолданыстағы заңнамаларда әрдәйім жарнамалап отырады. Осы деректерден кейін мынадай қорытынды ой туындайды: әрбір елдің азаматы өзінің құқығы мен міндетін білуінде.

Біздің көқарысымызда, кез келген азамат өз елінің құқығын сыйлай білуі қажет. Себебі заңдарды, құқықтарды, міндеттерді білген азамат, мемлекеттік құқықтардың не екенін түсініп, заңдарды орындайды. Бірақ оның барлығын толық білу меңгеруі үшін, мектеп жасынан әрбір бала бойында қандайда болсын, құқықтық жауапкершілікті сіңдіруіміз қажет.

Ата заңымызда белгіленген тараулар мен баптарын, соңы өзерістерді жүректен өткізетін болса, сол бір азамат, өз құқығын дұрыс қолдана отырып, өз-өзін қорғай алмақ және қорғайды! Жалпы құқық дегеніміз – мемлекетпен белгіленген немесе заңдастырылған және қадағаланып отыратын, жалпыға бірдей міндетті орындап жүретін үлгі ережелер жиынтығы деседе болады.

Қорыта келгенде, әрбір жұмыс атқарып отырған ұжымда өзінің заңмен бекітілген ережелерін, яғни әрбір білім жүйесінің талабына қазірден немқұрайлы қарамай, орындалуына қоғам болып белсене қатысып жүрсек, болашақта да құқықтық міндеттер мен талаптарды орындай аламыз.

Әрбір отбасындағы тәрбиеленіп жатқан жеткіншектер мектеп жасынан осы заңдылықтарды бойына, құқықтық санасына сіңірсе ғана заңды жауапкершілікті сезіне алады деп ойлаймын. Сонымен қатар, бұл болашақ жастар еліміздің рухани құқықтарын орындауға атсалысады.

«Оқу мен тәрбие егіз дүние» деген құнды сөз арқылы «санылы ұрпақ – сапылы білімге» қол жеткізудің дәлелі, «еліммен бірге есейемін» дегендей, еліміздің жастары шын мәнінде, қай жағынан алып қарасаңыз түрлі жетістіктерге қол жеткізуде. Спорт саласы болсын, ғылым, білім, ең бастысы, әлеуметтік жағдайдың дұрыс бақылауда болуында. Өркениетке деген адымдап қадам басуымыздың нәтижесі, өзге елдермен терезесі тең дарынды ұрпақ тәрбиелеу дәрежесіне көтерілумізде деп санаймыз.

**Есеналиев Аскат Ералыұлы**
**заңгер ғалым**



**Ата-бабамыз қасық қаны қалғанша қорғап, бізге мирас еткен қазақ жерінің қойнауындағы «қара алтынды» қаншалықты тиімді жұмсап жүргенімізге қатысты көптеген сауалдар дүркін-дүркін бас көтереді. Осы асыл қазынаға толы сандықтың үстінде өзіміз отырғанымызбен, оның кілтінің шетелдіктер қолында жүргені, маңдайын күн қақтаған мұнайшы ерлеріміздің Отан аукатын молайтуға қосып жатқан үлесі мен ерең еңбегі жатжұрттық мамандарға қарағанда, кем бағаланатыны ашық айтылады.**

# Мұнайлы өлке елдің мұраты

Қазақстанда сарапшылар «әлемдік супергигант» деп атайтын 3 аса ірі мұнай кен орны орналасқан. Энергетика министрлігінің дерегіне жүгінсек, олардағы өз еншіміз аздау көрінеді.Мысалға, соның бірі «Теңізді» америкалық инвесторлар («Теңізшевройл») бірлесе игеруде. Мұндағы шетелдік инвестордың үлесі – 80%. «Болашақта Теңізді кеңейту жобасына» сәйкес, 2023 жылға қарай 38 млрд доллар инвестиция құйылады деген болжам бар.«Қарашығанақ» кен орны болса, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниялар консорциумына тиесілі. Ондағы шетелдік инвесторлардың үлесі – 90%. Болашақта игеру жоспарында 2020 жылға қарай 1,5 млрд доллар инвестиция салу көзделуде. Мұнай-газ саласында 261 мұнай-газ ұйымы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің қадағалауында, оның ішінде: мұнай және газ өндіру бойынша – 117, мұнай мен газды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау бойынша – 50 және ұңғымаларды бұрғылаумен және жөндеумен айналысатын – 94 ұйым, деп хабарлайды Деловой Қазақстан.

Қадағалау объектілерінің саны 96 294 бірлікті құрайды, оның ішінде ұңғымалар қоры 42 197 бірлікті, оның пайдаланудағы – 23 532, консервациялауда – 1 916, жойылудағы – 9 443, айдау, су тарту, бақылау – 7 306 ұңғыма, сондай-ақ бұрғылау және ұңғымаларды жөндеуге арналған қондырғылар 614 бірлікті құрайды. Мемлекеттік инспекторлардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтарды уақтылы анықтауы қауіпті өндірістік объектілерде авариялар туындауының алдын алу жөніндегі негізгі шаралардың бірі болып табылады. Жыл басынан бері 175 тексеру жүргізіліп (ерекше тәртіп бойынша 87 тексеру және 88 жоспардан тыс тексеру), 6 мыңнан астам бұзушылық анықталды, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупі төнгені үшін 5 субъектіде 115 объект тоқтатылды. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жалпы сомасы 11,5 млн. теңгеге 85 заңды тұлға айыппұл салу түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ағымдағы жылы осы саланың қауіпті өндірістік объектілерінде 3 авария (33%-ға төмендеген) және 104 оқыс оқиға тіркелді, авариялар

нәтижесінде 1 адам зардап шекті.Сонымен қатар, мемлекеттік инспекторлар 320 оқу және апаттарға қарсы жаттығуларға, қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға, сондай-ақ жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияларға қатысты. Комитеттің аумақтық бөлімшелері қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету (ықтимал апаттардың, оқыс оқиғалардың және жарақаттанудың алдын алу және болдырмау) мақсатында мұнай-газ саласы өкілдері арасында түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жүргізеді. Жыл басынан бері 12 кеңес өткізіліп, онда Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының, оның ішінде: «Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының», «Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының», «Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының», «Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының» және «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының» талаптары түсіндірілді.



30 қарашада Астана қаласында «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» және «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (бұдан әрі – Операторлар) компаниялары Мұнай-газ машинасын жасауды дамытудың халықаралық орталығын (бұдан әрі – Халықаралық орталық) құруға қатысты ниет туралы келісімге қол қойылғанын жариялады. Қазақстан Республикасы тарапынан құжатқа Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Энергетика министрлігі, Өкілетті орган (PSA ЖШС) және Қазақстанның машина жасаушылар одағы қол қойды. Бұл құрылым республика аумағында мұнай-газ саласына арналған тауарлар өндірісін дамытуды кеңейту, сондай-ақ қазіргі кезде шетелден жеткізілетін жабдықтар мен материалдардың импортын алмастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамалары шеңберінде және ірі мұнай-газ операторларының қолдауымен құрылмақ. Отандық мұнай-газ саласының машина жасау өнеркәсібін дамыту шеңберінде Халықаралық орталық тиісті министрліктермен, Өкілетті органмен және мұнай-газ саласының қауымдастықтарымен тығыз әрекеттесетін болады. Халықаралық орталықтың негізгі қызметі Қазақстан Республикасында тауарлар өндірісін дамыту мен техникалық стандарттарды бейімдеу арқылы өндірістік қуаттарын жаңартуда қазақстандық өндірушілерге жәрдем көрсетуге бағытталған. Халықаралық орталық өз қызметін коммерциялық емес шығынсыз негізде ірі операторлардың қолдауымен жүзеге асырмақ.

2023 жылы Шу-Сарысу шөгінді алабын зерттеуге республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, дала жұмыстары басталды. Биыл Сырдария және Арал («Шығыс» және «Батыс» учаскелерінде) шөгінді бассейндерінде геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен бірге, Қызылорда облысының мұнай-газ саласын дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған жаңа ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі жол картасы жасалуда. Осы картаға сәйкес өңірдің мұнай-газ өндіруші компаниялары өз қаражаты есебінен 2-2,5 мың метр тереңдікте 79 мұнай-газ ұңғымасын бұрғылауды жоспарлап отыр. Осындай бірлескен жұмыстардың жүргізілуі Сыр елі мұнайының қайта жанданып, ел ырысын еселеуге үлесін қосады деп сенемін. Қымбатты мұнай-газ саласының қызметкерлері мен ардагерлері! Қыркүйек айының бірінші жексенбісінде аталып өтетін кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Ел ризығы арта берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, - деді ол.

Қазақстанның мұнай өндіру саласында жергілікті мазмұн дәл осылай дамыса, отандық мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің біліктілік дәрежесі жоғарыласа, ешбір кен орны мен жобасының айналасында дау тумасы сөзсіз.

**М.Әуезов колледжі арнайы пән оқытушысы**
**Абдрахман Мейіржан Танатұлы**



# «Думан» театрының дарынды жастары



Мәдениет және өнер факультеті, «Мәдени-тынығу және сахналық қызмет кафедрасында 2004-жылы құрылған «Думан» халықтық-жастар театры ағымдағы оқу жылын сәтті аяқтады. Театр студенттері «Актёрлық шеберлік»,«Сахна тілі», «Сахна қозғалысы» пәндерінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде де шыңдап, театрландырылған қойылымдарын көрермен назарына ұсынды.

Жалынды студенттерден құралған театр ұжымы ағымдағы маусымның шымылдығын қазан айында полиптих форматындағы «Ақымақтың қойын дәптері» қойылымымен ашты. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін қозғайтын сахналық қойылым көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Экспериментальды қойылым көрермендердің эмоционалды ғана емес, рационалды да қабылдауына жетеледі.

Заман талабына сай тың ізденістер нәтижесінде келесі қойылымды жүзеге асыруда «Думан» театры жаңа эксприментке барды. Мәдениет және өнер факультетінің «Жетасар» көркем сурет галереясында Италиялық Ф.Болоньяның «Бейкүнә Бейтаныстар» комедиясын сахналады, аударған және инсценировкасын жасаған театр режиссері Е. Ақылбеков. Бұл туындының өзге қойылымдардан ерекшелігі «камералық спектакль» форматында қойылды. Яғни, көрермен қойылымды дәл сахнада отырып тамашалады. Бұл көрермен көпшілігіне тың жаңалық болса, актёрлар үшін зор тәжірибе.



Әлеуметтік желінің «әлеуметтік желім болып» күйбең тіршілігіміздің бөлшегіне айналғалы қашан, жоғарыдағы туынды да сол жайлы. Сәт сайын құбылып тұратын оқиға желісі, актёрлық ойындардың қалың палитрасы, шынайылыққа құрылған қойылым атмосферасы - көрермендер тарапынан көптеген оң пікірлерлерге ие болды.

2023-жылдың алғашқы қойылымы ақын, драматург Б.Беделханның «Ұлым саған айтамын...» интеллектуалды драмасы болды. Қойылымға шеберліктерін шыңдап үлгерген жоғары курс студенттерімен қатар 1-2 курстың студенттері де қатысты. Бойдағы қазақылыққа қан жүргізіп, көрерменнің рухын оятар қойылымда ұлттық менталитет, тарихи сана, ұлттық сана негізгі тақырып болды. Ұрпақтар сабақтастығының үзіліп, әке мен баланың арасы ащы көл мен тұщы көлдей қиыспай қойғанын баяндайтын лекциялық-спектакльге көрермен көп жиналды. Әрине, визуализацияға көбірек үйреніп алған қазіргі жастарға «сөзге құралған» қойылымды ұсыну - басынды бәйгеге тігумен бірдей еді. Сондықтан, қойылым арасына видео-роликтер қосылып, экраннан көрсетіліп отырды. «Ой қалдыратын да, таң қалдыратын да қойылым болды» - деп баға берді кафедрамыздың аға оқытушысы Е. Төлеуов



«Думан» театры араға ай салып О. Нигонің «Жабайы тіршілік» қойылымын сахналады. Қойылымды қойған театрдың көркемдік жетекшісі О. Уәлханов. Театр - элиталық өнер. Мұнда тек көру аздық етеді, ойланып отырып көруге міндеттісіз. Бұл қойылымды тікелей де, жанама да қабылдауға болады. Әр көрермен өз парасат-пайымы жеткенінше қойылымды түйсігіне қондырды. Адам да табиғаттың айырылмас бөлшегі, біздің де бойымызда өзіміз байқай бермейтін, көптеген жануарлық қасиеттер бар немесе керісінше, жануарлардың бойында бізден де артық адамшылық қасиеттер бар.

Студент жастар арасында ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында әдеби-сазды композицияларды сахналау жолға қойылған. Соның айғағындай М.Мақатаевтың шығармашылығын паш ететін «Мен Таулықпын» қойылымының инсценировка жасап, сахнаға қойған режиссер Е. Ақылбеков. Жанды дауыста сүйемелденіп, табиғи дауыста ән айтылған есте қалар кеш болды. Поэзиямен сусындаған көрермендердің де кеудесін қуаныш кернеп, эстетикалық рахатқа бөленді.

М. Әуезов атындағы ОҚУ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-қызмет жетекшісі Дулатова Гүлбақыт Сейсенбекқызының бастауымен адалдық, парасаттылық құндылық және жемқорлық салдары баяндалатын қойылымды сахналау жоспарланды. «Ақымақтың қойын дәптері» пьеса-коллаж қайта өңделіп, екшеленіп жазылды. 11-мамыр күні Мәдениет және Өнер факультетінің акт залында көрермен назарына ұсынылды. Университетіміздің бірінші проректоры Нұрманбетов Қайрат Еңбекшіұлы бастап, көптеген профессор-оқытушылар қойылымға көрермен болып келіп, спектакльден соң риясыз сезімдерімен, түйген ойларымен бөлісіп жатты.

М. Әуезов атындағы ОҚУ, Мәдениет және Өнер факультеті, «Мәдени-тынығу және сахналық қызмет» кафедрасының жанынан құралған «Думан» халықтық-жастар театры өз маусымын осылай қорытындылады. Келешекте де студент жастардың рухани кемелденуіне, көңіл көкжиегін кеңейтіп, болашақ мамандығына деген қызығушылықтарының артуына жан-жақты ықпал жасайтын өнер ұжымы тың, соны қойылымдарымен талғамы биік көрермендердің ыстық ықыласына бөлене береді деген сенімдеміз.

**Ерлан Ақылбеков**

**«Думан» халықтық-жастар театрының режиссері**



# Өмір кітабы



Қолға алдым ақ парақ пен қаламды,
Сермедім мен қаламымды қолдағы.
Өмір дейтін ұзақ жолда келемін,
Жас жігіттің алда барлық арманы.

Сұсым өткір, мысым басым болса да,
Сезім қылыш жұрт көңілі қалса да.
Қанша жерде қатқыл болып көрінсем,
Бірақ менің нәзік мына жаным да.

Жазудамын өмір атты кітапты,
Іші оның шытырманға толықты.
Әр парақта бақыт та бар мұң да бар,
Он жетінші тарауға бас бұрыпты.

Кітабымның қанша томы басылар?
Кейбір сәтте жүрегім де қынжылар.
Бас кейіпкер шытырманға жолықса,
Жақын жандар әрқашан да қол созар.

**Андақұл Дастан, Журналистика мамандығының 2 курс студенті**
**Жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Турабаева Л.К.**

# Өлең жазу



Шабыт алып, өлең жазғым келеді,
Өлең жазу қанымда бар себебі.
Бар парақты шимай қылып тастаймын,
Шумақтарда ұйқас маған керегі.

Ұйқастарым дайын болмай қалады,
Ойым болса бар жігерін салады.
Мына менің қолымдағы қаламсап,
Шорт сынуға айналумен барады.

Кей өлеңнен мән-мағына таппаймын,
Өлең жазсам бір орында жатпаймын.
Бір шумағы жазылады ұйқассыз,
Сөйте тұра, мына менде саспаймын.

Ақын болсам жоқтай, сірә, бір арман,
Шығатындай бар бақытым тек алдан.
Ата жолын қуып өскім келеді,
Осы сәтте келмей тұр ғой сол қолдан.

Кей кездері алысқа көз саламын,
Тың ойлардан бойға қуат аламын.
Сол уақытта жігер табам өзімнен,
Болашақта мен де ақын боламын.

**Андақұл Дастан,**
**Журналистика мамандығының 2 курс студенті**
**Жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Турабаева Л.К.**



# МАМАННЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨРСЕТКІШІ




Сөйлеу-ойдың сыртқа шыққан көрінісі. Адамның сөйлегеніне қарап оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінаңғара аламыз.

Дұрыс сөйлеу дегеніміз - сөздің дұрыс айтылуы мен грамматикалық жазылуы.

Лайықты сөйлеу дегеніміз - тиісті қатынастық жағдаяттарда сөздер мен тіркестерді дұрыс пайдалану.

Сөздің дәлдігі дегеніміз - өз ойын анық, қысқа және дәл мағынада айтып, жеткізу.

Қонымды, қисынды сөйлеу дегеніміз -заттар мен құбылыстардың сипаттарын, олардың байланыстары мен арақатынастарын шындыққа сай бейнелеу.

Анықжәне түсінікті сөйлеу дегеніміз - терминдердің, шетел сөздерінің, кәсіпке байланысты, тарихи, ескі және жаңа сөздердің дәл әрі бір мағынада қолданылуы.

Таза сөйлеу дегеніміз -артық, өнегесіз, былапыт сөздердің болмауы. Ондай сөздер сөз арасындағы ойлану мен кідірістерде жиі қолданылады.

Мәнерлі сөйлеу дегеніміз – сөйлеуші тыңдаушылардың тек ақыл-ойына ған емес, сонымен бірге оның сана-сезіміне, қиялына да әсер етуі керек. Жақсы сөзден тыңдаушылар эстетикалық ләззат алады.

Әртүрлі сөйлеу дегеніміз –мол сөздік қор мен синонимдерді қолдану.

Әсем сөйлеу дегеніміз – тұрпайы, адамдардың ар-ожданын қорлайтын жағымсыз сөздердің жоқтығы.

Орынды сөйлеу дегеніміз -бұл сөздің әңгіме тақырыбына, тыңдаушының мүдделері мен білім дәрежесіне, сөйлесу кезіндегі жағдайғасәйкестігі.

Сөйлеу мәдениеті осындай талаптарға сай болу үшін көп оқу, еңбектену, өз тілін жетілдіріп, шындай түсу, артық сөздерді айтпау, барынша қысқа, нұсқа, дәл, бірақ ойлы, әсемсөйлеу алу қажет. Тамаша сөз сөйлеу бір мәселе, ал сөзді тамаша сөйлеу екінші мәселе.Мәнерлі, жарқын, жалынды сөз тыңдаушылардың ықыласын аударады, олардың мәселеге қызығушылығын туғызады, ақыл-ой, сезім-саналарына әсер етеді.

Аудиториядағы тыңдармандарсөйлеушінің сыртқы киім-киісіне, жүрісіне, мінез-құлықтарына аса назар аударады. Сөйлеушіге қандай қабілеттер қажет?

- тума қабілет /жүйке жүйесі,ми қызметі, дыбыстау мүшелерінің құрылымы/;
- есте сақтау қабілеті /ойды терең, кең, ерекше саптау/;
- ашық мінез;
- сенімділік;
- тартымдылық;
- актерлік шеберлік;
- еңбекқорлық;
- күшті ерік жігер;
- белсенді мінез.

Сөйлеушіаудиториямен кездеспес бұрын мына жағдайларды білгені дұрыс:

- кездесу қандай жағдайда өтеді? /аудитория үлкен немесе кіші, жылы немесе суық, акустика, жарық жағдайы/
- қай уақытта өтеді? /мереке алды, жұмыс аптасының соңы, кеш мезгіл/
- кездесуге келетіндер кімдер? /олардың саны, жас ерекшелігі, жынысы, ұлты, білім деңгейі, кәсіби қызығушылығы, көңіл күйлері/

Сөйлеуші сонымен қатар аудиторияның назарын аударатын тәсілдерінесте сақтау қажет. Атап айтар болсақ,

- тыңдаушылардан сөзге назар салуды тікелей талап ету;
- түрлі сәлемдесу сөздерін айту;
- дауыстық тәсілдерді қолдану;
- кідіріс.
- қол қимылы, жүріс-тұрыс, ым-ишара.
- қосымша материалдар мен көрнекілік құралдарын қолдану;
- сұрақ-жауап тәсілі.
- әзіл-күлкі элементтерін қосу.

Сөйлеуші аудитория алдына шыққанда костюмі қарым-қатынас жағдайына сай болуы керек. Таңқалу, аса қызығушылық болса тыңдармандар назары басқа жаққа ауып кетері сөзсіз. Бірақ бәрібір ерекшелік болу қажет, бұл тыңдармандарға деген құрметті білдіреді. Шаш ұқыпты, макияж жөнімен, сәндік бұйымдар қарапайым болуы шарт.

Сөйлеу мәдениетін меңгеру ерен еңбекті талап етеді. Ендеше көркем тілде сөйлеу ол сөзді ойнату үшін емес, ойды ояту үшін қажет.

**Ильясова А- МӨ-20-10к тобының студенті**
**Сихимбаева А.Е – аға оқытушы**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қазіргі таңда қоғамда педагогикалық шеберлігі қарым-қатынас өнеріне негізделген. Қарым-қатынас - бұл адамдар арасындағы байланыс, бұл ақпарат алмасуда, өзара әрекеттесуде және өзара түсінушілікте көрінетін психикалық байланыстың пайда болуына әкеледі. Педагогикалық қарым-қатынастың ерекшелігіоны жүзеге асыру кезінде мұғалімнің оқушыға жан-жақты әсері тиімді оқытуды, тәрбиелеуді және жаңа тұлғаның дамуын қамтамасыз етіп жүзеге асырылады. Қарым-қатынас арқылы ұрпақтың тәжірибесі жаңа ұрпаққа таратылады.Қазіргі уақытта мұғалімнің оқушыға әсер етуінің функционалды құрылымының өзгеру тенденциясы байқалады. Егер адамзат тарихында ақпараттық аспект айтарлықтай басым болса, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына байланысты мұғалім жаңа ақпарат көзі ретінде жетекші позициясын жоғалтады. Мектепте мұғалімнің рөлінің басқа мәні басым білім әлемінде жетекші болу, біздің күрделі әлемде "өмірді үйрету". Білім алушыға өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау функцияларын беру функциясы іске қосылады.Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға арналған ғылыми жұмыстарды зерттеу (В.Грехнев, А. Добрович, Б. Ломов, Л. Петровская, Т. Яценко және т. б.) болашақ оқытушының коммуникативті дайындық тәжірибесінде басты назар педагогикалық этикетті, сөйлеу мәдениетін және қарым-қатынас мәдениетін игеруге, психологиялық өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі таныстыруға бағытталғанын көрсетті.Біздің жұмысмыздың мақсаты болашақ мәдениет мұғалімдерінде педагогикалық қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру, коммуникациялық дағдылар мен дағдыларды дамыту және жетілдіру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау болып табылады. Көптеген кәсіптер өкілдерінің кәсіби қызметінің жетістігі кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің деңгейіне байланысты.



Педагогикалық қарым-қатынас-бұл өзінің оқу немесе тәрбиелік мақсаттарын шешудің құралы, оның бастамашысы, ұйымдастырушысы және негізгі жетекшісі-мұғалім. Педагогикалық қызмет орындаушының жеке басының дамуына, атап айтқанда қарым-қатынаста жүзеге асырылатын қасиеттерге айтарлықтай әсер етеді. Үлкен жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдерді әрдайым тонмен (талапшыл, күшті немесе нұсқаулық), бет-әлпетімен тануға болады (ол серіктестің іс-әрекетін нақты бағалайды). Мұндай оқытушылар көбінесе өз пікірлерін енгізуге бейім бе, жоқ па, оның себептеріне қарамастан, серіктестің қарсылығын жеңуге тырысады. Бұл ұзақ мерзімді рөлдік өзара әрекеттесудің нәтижесі, онда мұғалім басымдық, бақылау, бағалау құқығымен басым, авторитарлық тарап ретінде әрекет етеді. Сондықтан оқытушы үшін маңызды міндет-рөлдік қарым-қатынастан тыс жағдайларда олардың мінез-құлқын үнемі өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, нәтижесінде қалыптасқан, тұрақты қарым-қатынас стиліне айналуы мүмкін өзгерістерді дер кезінде түсіну. Педагогикалық қарым-қатынастың оқушының мүдделеріне қатысты аспектілерін ескеру бірдей маңызды.

Педагог жұмысының ерекшелігі-өзара әрекеттесу жағдайында ол екі есе жүктеме алады: ол серіктестің мүмкін болатын әрекеттерін ескеріп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынасты тәрбиелік және дамытушылық әсерге ие болатындай етіп ашуы керек. Ол қарым-қатынас процесінде оқушыдан туындауы мүмкін қиындықтарды ескеріп, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек.Мұғалім белгілейтін қарым-қатынас стилі оқушылардың оқу пәніне деген көзқарасына айтарлықтай әсер етеді. Мұғалімнің өзі мен студенттер арасындағы үлкен қашықтық көбінесе студенттердің түсінікteme алу үшін оған жүгінуден қорқуына, түсінбеушіліктерін жасыруына әкеледі. Тым жақын қашықтық, бейресми қарым-қатынас студенттерге міндетті емес оқу пәнін меңгергісі келмеуі мүмкін. Оқытушымен туындайтын жанжал тіпті оның әділ талаптарын елемеуге әкелуі мүмкін. Педагогтың білімгерге деген немқұрайлылығы, оның қабілеттері мен білімдерін дұрыс бағаламау, қарым-қатынастағы әдепсіздік терең эмоционалды жарақаттарды тудыруы мүмкін, нәтижесінде тәуелсіз кәсіби іс-әрекетте мектеп бітіргеннен кейін де тиісті білімге жүгіну бұғатталуы немесе тәжірибенің іздерін өзектендіруі мүмкін.

Қарым-қатынас мәселесін зерттеу (А. Бодалев, Н. Кузьмина, А. Леонтьев және т. б.) педагогикалық қарым-қатынастың келесі құрылымдық кезеңдерін ажыратуға мүмкіндік береді:мұғалімнің сабақта іс-әрекетке дайындық процесінде сыныппен байланысын модельдеу (болжамдық кезең);бірінші байланыс кезінде сыныптармен тікелей қарым - қатынасты ұйымдастыру (қарым-қатынастың бастапқы кезеңі);сабақта педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару;іске асырылған қарым-қатынас жүйесін талдау және перспективалық қарым-қатынасты модельдеу, өзін-өзі түзету.

Біз таңдалған байланыс кезеңдерінің мазмұны мен процедуралық ерекшеліктерін сипаттаймыз.

Бірінші кезең. Модельдеу процесінде болашақ іс-әрекеттің коммуникативті жағын жоспарлау жүзеге асырылады. Қатынас сипатысәйкес келуі тиіс; педагогикалық мақсаттарға;-сыныптағы жалпы педагогикалық және адамгершілік-психологиялық ахуал;мұғалімнің шығармашылық даралығы. Қарым-қатынастың психологиялық-педагогикалық тиімділігі оның нақты бағдарында, болашақ оқу іс-әрекетінің әдістемесін нақтылауда көрінеді.

Екінші кезең. Бастапқы кезеңде сыныппен тікелей өзара әрекеттесуді ұйымдастыру. Мұғалім үшін маңызды элементтер:бұрын жоспарланған модельді нақтылауқарым-қатынас;өзекті обьектінің шарттары мен құрылымын нақтылау;тікелей қарым - қатынастың бастапқы сатысын жүзеге асыру.Бірінші сәтте мұғалім белгілі бір уақытта сыныптағы нақты жағдайға, сыныптың жалпы көңіл-күйіне байланысты таңдалған оқыту әдістерін қолдана отырып, жұмыс мүмкіндіктерін нақтылауы керек. Коммуникативті жағдайдан тікелей өзара әрекеттесуге дейінгі өтпелі кезеңде мұғалім қарым-қатынас бастамашысының позициясын қабылдауы керек.

Үшінші кезең-педагогикалық қарым-қатынас процесін басқару. Бұл кезеңде оқыту әдісі мен байланыс жүйесінің сәйкестігіне қол жеткізу керек. Бұл сәйкестік мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді. Тиімді қарым-қатынаста әсерді коммуникативті қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Мұғалімнің міндеті-педагогикалық қарым-қатынастың техно-

логиясы мен процедурасын меңгеру және оның жеке басы көрінетін шынайы адами қарым-қатынасты білдіру.

Сабақты ұйымдастыруға дидактикалық және әдіснамалық талаптардан басқа, әлеуметтік-психологиялық талаптар бар. Олар педагогикалық қарым-қатынаста шешілетін міндеттердің өзіндік ерекшелігінен туындайды:сыныптан психологиялық байланыс орнату, ақпаратты беру процесін, оқушылардың оны қабылдауын қамтамасыз етеді;сабақтың психологиялық негізделген жинаған балдарын әзірлеу (әңгіме элементтерін; риторикалық сұрақтарды, ой толғау жағдайларын пайдалану);психологиялық құралдарды қолданудың арқасында сыныпта топтық іздеу және бірлескен ойлар ортасын құру. Бұл проблемалық оқытудың барлық түрлерін жүзеге асыру үшін өте маңызды, өйткені тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар коммуникативті компоненттермен де қамтамасыз етіледі; сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару, сыныппен қарым-қатынас жасау стилі мұғалім жұмысының табыстылығына әсер етеді, оқушылардың жас пен тәжірибенің психологиялық кедергісін еңсеруге дайындығын қамтамасыз етеді; мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылы процесінде іскерлік және жеке аспектілердің бірлігі сабақты тиісті ақпараттық құру жолымен ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің жеке басын білдіру жолымен де қамтамасыз етіледі; оқу процесінде мұғалімнің оқушылармен өзара қарым-қатынасының тұтас, педагогикалық мақсатты жүйесі.

Төртінші кезең. Бұл кезеңде мұғалім өзі қолданған оқыту жүйесін талдайды, сыныпта қарым-қатынасты ұйымдастырудың мүмкін нұсқаларын нақтылайды, оқу іс-әрекетінің мазмұндық жағымен байланыстырады.Осылайша, болашақ оқу байланысын болжау жүзеге асырылады. Шын мәнінде, мұнда педагогикалық қарым-қатынастың келесі циклінің бірінші кезеңіне көшу жүзеге асырылады. Бұл кезең нақтылау аспектілерін де, болжамды да қамтиды. (1)

Педагогтың өнімді стилінің кепілі оның балаға бағыттылығы, өз ісіне деген ынтасы, ұйымдастырушының техникасын кәсіби меңгеруі, қарым-қатынастағы нәзіктігі болып табылады.Бұл адамды өз қызметін белгілі бір бағытқа бағыттауға және барлық нысандар мен жағдайлар бойынша дәйекті әрекет етуге, қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру арасындағы өзара әрекеттесу негізінде адамның жағдайын реттеуге, мінез-құлықтың жеңілдігін, автоматикасы мен мақсаттылығын қамтамасыз етуге шақырады. Орнату адам мен әлеуметтік ортаның белсенді өзара әрекеттесуіне ықпал ететін негізгі фактор болуы мүмкін. Орнату жағдайлары деп аталатын бірнеше рет қайталанудың арқасында "адамның бекітілген көзқарастары" біртіндеп қалып-



тасады, олар оған өзінің өмірлік жағдайына әсер етпейді. Көзқарастар оң (мұғалімнің мұғалімге деген оң көзқарасына негізделген оқушының мінез-құлқы) немесе теріс, біржақты (мұғалімнің мінез-құлқын бұзатын үлгермеген студенттерге деген көзқарасы) болуы мүмкін.

Педагогикалық қарым-қатынастағы көзқарастың рөлі педагогика тарихына енген экспериментте "Пигмалион эффектісі"ретінде зерттелді. Американдық психологтар Розенталь мен Джекобсон мектеп оқушыларын психологиялық тексеруден кейін, олардың ақыл-ой дамуының деңгейін анықтағаннан кейін мұғалімдерге сыныптарда зияткерлік әлеуеті жоғары оқушылар бар екенін, олардың фамилияларын атайтынын айтты. Сонымен қатар, іс жүзінде әртүрлі жетістіктер мен қабілеттерге ие балалар аталды. Біраз уақыттан кейін психологтар балалардың дамуында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді, олар ең жақсы деп аталды, бірақ орташа бағаға ие болды. Баланың білім деңгейі өте жоғары болмаса да, мұғалім оған мұқият қарай бастады, бұл оның оқушыға деген көзқарасын және жалпы қарым-қатынас сипатын өзгертті.

Оқытушы, Пигмалион сияқты, сыныптағы көңіл-күй мен қамқорлық, мейірімділік пен сүйіспеншілік арқылы баланың дамуына жағдай жасады. Ең бастысы, ол балаға талантты ретінде қарап, осы талантты дамыту үшін бәрін жасады. Сондықтан орнату әрқашан оң және оптимистік болуы керек.Қарым – қатынас стилі-бұл кез-келген өзара әрекеттесу жағдайында көрінетін адамның коммуникативті мінез-құлқының жеке тұрақты түрі: іскерлік және жеке қарым-қатынаста, балалармен көшбасшылық және тәрбиелік әңгімелерде, шешім қабылдау және орындау тәсілдерінде, адамдарға психологиялық әсер ету құралдарында, тұлғааралық және іскерлік қақтығыстарды шешу және болжау әдістерінде анықталады

Адамның қалыптасқан тұрақты қарым-қатынас стилі коммуникативті шеберлік деңгейін көрсетеді. Бұл қарым-қатынастың жаңа дағдыларын, адамдарға әсер ету құралдарын, шиеленісті және бейімделуді, қиындықтарды жеңудің жолдарын одан әрі игеруді қамтиды. Адамның қарым-қатынас стиліне оның қарқынды және әр түрлі қарым-қатынасты қажет ететін кәсіби қызметі ерекше назар аударады.Қарым-қатынас стилі сыртқы (экспрессивті) және қарқынды сипаттамаларға ие, адамның мінезімен, психологиялық және жеке ерекшеліктерімен, ол қолданатын ауызша және ауызша емес құралдармен анықталатын ерекше эмоционалды - еріктік түстер. Қарым-қатынас стилі мазмұнды сипаттамаларға ие, олар:жеке тұлғаның басым мотивациясы (жетістікке жету, эмоционалды қолдау, өзін-өзі растау қажеттілігі);басқа адамдарға жанашырлық пен түсінушіліктің ерекше қабілеттері (жұмсақтық, ізгілік, төзімділік пен қаттылық, рационализм, эгоцентризм, кемшіліктерге жатқызу, жағымсыздық);өзін-өзі бағалау деңгейін білдіру (өз ойларын таңу, көпшілік алдында өзін-өзі ақтау немесе табиғилық пен спонтандылық, өзін-өзі тану, қателер мен кемшіліктер немесе менмендік);жеке тұлғаның бағыты және осыған байланысты адамдарға әсер ету сипатын таңдау (манипуляциялық, миссионерлік, демократиялық).

Қарым-қатынас стилінде көп нәрсе адамның темпераменті, өзіндік ерекшелігі, эндокриндік, гормоналды, қанайналым жүйелерінің қызметі сияқты туа біткен ерекшеліктерімен анықталады. Осылайша, бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас стилі адамның кәсіби шеберлігі мен жеке іс-әрекет стилінің дағдыларын ескере отырып, кәсіби сынудың көрінісі болып табылады. Мұғалім жоғары ғылыми және іскерлік біліктілігі, орындаушылық тәртібі бар білікті маман ғана емес; мектептегі оқу және тәрбиелік іс-әрекеті үшін моральдық жауапкершілігі бар рухани бай адам ғана емес; мұғалім сонымен бірге қарым-қатынас мәдениеті жоғары, диалог жүргізе алатын, пікірталас жасай алатын, педагогикалық өзара әрекеттестікте жағымды моральдық және эмоционалды қатынасты қамтамасыз ететін коммуникативті тұлға болуы керек.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі,**
**Педагогикалық пәндер оқытушысы,**
**Қанат Меруерт Қанатқызы**





# ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Дене тәрбиесі - дене дамуына, денсаулықты нығайтуға, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға және ұдайы өзін-өзі, оның ішінде сыртқы, дене пішінін, жетілдіруге қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған адамды жетілдіру жүйесі. Дене шынықтыру оқытушысы ЖОО студенттерімен және түрлі білім беру мекемелерінің оқушыларымен спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізеді. Балаларға бөренеде және қоссырықта жаттығулар жасауды, арқанға көтерілуді, тартылуды және тоңқалаң асып домалауды дұрыс жасауды үйретеді, түрлі спорттық ойындардың ережелерін түсіндіреді. Дене шынықтыру мұғалімі сабақтардың қауіпсіздігін және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді, бұқаралық спорттық-сауықтыру шараларын өткізеді, нормативтердің тапсырылуын ұйымдастырады, жарыстарға қатысу үшін командаларды қалыптастырады және жаттықтырады, жалпы дене шынықтыру топтарында, спорт секцияларында оқу жұмысын жүргізеді.



Дене тәрбиесі пәні оқытушысының денсаулығы жақсы болуы керек, үнемі өзін формада ұстау үшін денсаулығына күтім жасауы қажет. Ақыл, эстетикалық, экспрессивті, ұйымдастырушылық және әсіресе, коммуникативті қабілеттері болуы керек.Дене шынықтыру мұғалімінің ерекше қасиеттері мыналар: байқампаздық, төзімділік, шыдамдылық, юморлық сезім, мейірімділік, ұйымшылдық, оптимизм, дербестілік, жауапкершілік, көпшілдік, жанашырлыққа (эмпатия) дайын болуы. Оқушылардың көңіл-күйлерін түсіне білу, олардың жеке және жас қабілеттіліктерін зерделей алу және оны ескере білу маңызды.Жас дене шынықтыру мұғалімінің орташа жалақысы 70-120 мың теңге аралығында.Осы біліктілік бойынша ойдағыдай білім алу және одан әрі жемісті жұмыс істеу үшін студенттің дене шынықтыру, биология саласында білімі болуы қажет. Жоғары деңгейдегі маман болу үшін минималды тәжірибе - 3 жыл.

Дене шынықтыру мұғалімінің физикалық дайындығы жақсы, күштік төзімділігі жоғары және денсаулығы мықты болуы қажет. Сондай-ақ сабақтар, спорттық жаттығулар, жарыстар, туристік жорықтар және т.б. кезінде өтетін спорттық ойындар барысында жеке оқушылармен, топтармен, оқушылар ұжымдарымен педагогикалық тұрғыдан орынды қарым-қатынас орната алуы, қолайлы микроклимат тудыруы, оқушыларды өзіне қаратып алуы керек.Жас маман негізінен педагогикалық қызметке қатысты, оның ішінде ең алдымен сабақтың құрылымын ұйымдастыру және тәрбие беру, оқыту және сауықтыру міндеттерін сауатты құрастыруға қатысты қиындықтарға тап болуы мүмкін.Осы мамандық оқытушылардың дене тәрбиесінде ғана емес, сонымен қатар спорт түрлерінде (шаңғы жарысы, жеңіл атлетика, спорттық ойындарда) инновациялық процестерді игеру мен дамыту дағдыларын меңгеруіне бағытталған.Дене шынықтыру мұғалімінде регламенттелген жұмыс аптасы мен екі айлық ақылы демалысы бар. Негізгі функцияларынан басқа, ол сыныптан тыс жұмыстарға көп көңіл бөледі (оқушылармен сабақтан тыс уақытта өткізілетін физикалық жаттығулардың ұйымдастырылған сабақтар жүйесі). Оқушылар үшін жауапкершілікті сезіну, мінез-құлқы әртүрлі балалармен жұмыс жасау үлкен психикалық шиеленіске әкеп соғады, сондықтан педагогикалық міндеттерді шешу барысында ерікті күш-жігер мен табандылық қажет.Дене шынықтыру мұғалімі мамандығының өкілдері еңбек нарығында айтарлықтай сұранысқа ие. Жоғары оқу орындары осы салада көптеген мамандарды дайындайтындығына қарамастан, бүгінгі таңда білікті Дене шынықтыру мұғалімдеріне қажеттілік бар.Жаңартылған білім үрдісінің ерекшелігі ақпараттық ашықтықты ғана белгілеп қоймайды, сонымен қатар пәндердің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Интеграция процесі барлық салада қарқынды дамуда. Ол ғылымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Соның бір айғағы дене тәрбиесінің медицина, салауатты өмір салты, валеология, гигиена сияқты ғылымдармен үндесуі. Қазіргі заманауи қоғамда дене тәрбиесин дамытудың маңызы зор. Себебі, әлем кеңістігін жайлаған пандемия індеті адам десаулығын нығайтуда дене тәрбиесінің орны зор екендігін тағыда айқындап берді. Адам, денсаулықтың қаншалықты қымбат екендігін ұғына бастады. Денсаулықтың маңызын түсіну отбасында, мектептен бастау алмақ.

Білім мен тәрбие егіз ұғым ретінде отбасында бастау алса, кейін мектепте жалғасын табатыны белгілі. Себебі, денсаулықты сақтау дағ-

дысы бала кезден қалыптаспақ. Өкінішке орай, қазіргі кезде бала денсаулығы нашарлауда. Оған әртүрлі факторлар әсер етуде. Баланың таза ауада серуендеуі азайып, керісінше, әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыруы көбеюде. Статистикалық мәліметке сүйенетін болсақ, 50% бала көз ауруына шалдығуда.

Денсаулықтың кепілі-дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесінің қағидаттарын сақтау арқылы біз болашақ ұрпағымызды дені сау азамат етіп өсіруге мүмкіндік аламыз.

Халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Бұл жоспар әртүрлі іс-шаралар арқылы жүзеге асты. Стратегиялық бағыттың мақсаты-елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы дені, жаны сау тұлға тәрбиелеу. Ол негізінен дене тәрбиесі арқылы жүзеге аспақ. Сондықтан да дене тәрбиесінің мектептің оқу-тәрбие жұмысында алатын орны ерекше.Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Жалпы білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарында жас ұрпақты отанымыздың физикалық дамыған, шыңдалған, жұмыс істеуге және қорғануға дайын етіп тәрбиелеу өте маңызды екендігі атап өтілді. Дене тәрбиесінің көптеген құралдарының ішінде сауықтыру мәселелерін шешуге көмектесетін және спорттық дағдыларды қалыптастыруда жетекші болып табылатын қозғалыс ойындар кеңінен қолданылады.

Баланың дұрыс қозғалуы мен шапшаңдығы осы ойын процесіндегі белсенділігіне байланысты болады.Ойын, біріншіден, жеке тұлғаның белсенді іс-әрекетін қалыптастырса, екіншіден, өмірге деген көзқарасы мен сенімін дамытады. Ойын арқылы бала қимыл-қозғалыс жасайды. Мектепке дейінгі кезеңде баланың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Дене шынықтыру мұғалімі сабақ барысында балаларға гимнастиканы, жеңіл атлетиканы үйрету кезінде олардың дұрыс қимылына ерекше көңіл бөледі. Көп қайталанып істелетін қозғалыстар балалардың кабілетін дамытуға, шапшаң және орынды қолдануға үйретеді.

Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

Таңертеңгілік жаттығу;

Қимыл — қозғалыс ойындары;

Спорттық жаттығулары.

Бала дене шынықтыру сабағында жалпы дамыту жаттығулары арқылы күш – жігерін шыңдай түседі. Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді. Осыған байланысты балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қажет. Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлеріне тоқталатын болсақ. Ең бірінші балалардың күн тәртібін ұйымдастыру барысында сауықтыру шаралары жүргізіледі. Олар: таңертеңгі жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, спорттық ойын сауықтар.





Балалардың белсенді тынығуына жұмыстың түрлерін таңдау арқылы жағдай жасалады. Мысалы, шынықтыру кезінде мұғалімдер балалармен эстафеталық жарыс ойындарын өткізгенде, олардың көңіл-күйлері көтеріңкі болатынын, бар ынталарымен бірігіп ойнауға тырысатынын байқауға болады.Олардың дене шынықтыру жаттығуларын жоспарлаған кезде тақырып мазмұнына қарай ұлттық дәстүрлерді ендіру ескерілуге тиіс. Ермектерді жоспарлау кезінде үлкен ұйымдастырушылық дайындық және тақырыптың мазмұнына байланысты шығармашылық жұмыс істеуді қажет етеді.Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесі баланың денсаулығын дамытудың маңызды шарты болып табылады. Денсаулықты дамытуға бірнеше факторлар да әсер етеді. Атап айтсақ, табиғатта серуендеу, қысқы мезгілде шаңғы тебу, футбол ойнау т.б.

Жаттығуларды әртүрлі үлгіде ұйымдастырып, жыл мезгілдеріне, спорттық қызықты жағдайларға («дене шынықтыру күні», «олимпиада» т.б.) қоғамдық мерекелерге байланысты өткізуге болады. Дене тәрбиесін ұйымдастыру барысында жаңа технологияларды қолдануға болады. Бұл технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің креативті ойлау дағдысын дамытады.

Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:

Шәкірттерге оқу, еңбек және демалысты ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау;

Мектеп ғимаратына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру;

Жыл бойында қозғалыс жасау, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжі,**
**Дене тәрбиесі пәні оқытушылары,**
**Алибев Қалдар Тастанович**
**Бекбаев Нұрсұлтан Нұраливич**



# Математика пәні оқытушының жаңашыл әрекеттері

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақапараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесі Қазақстан оқу орындарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Математика пәні адамның ой - өрісін, ойлау, талдау қабілетін дамытады және білім қазынасын игеру, әсіресе математиканы оқыту, оқып -үйрену дәйектілікті, табандылықты, сонымен бірге қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан, барлық оқушыларды жүйелі дайындықсыз жоғары нәтиже көрсету мүмкін емес.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ оқытушының кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық және қатынастық технологияларын (АҚТ) меңгеру және жаппай тарату үдерістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар білім берудің жаңа жүйелерінде оқытушы мен оқушының арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Қазіргі оқытушы АҚТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Ашық және басқа білім беру формаларында қолданылатын АҚТ құралдарының негізгі түрінің бірі электрондық басылымдар болып табылады.

Компьютерді оқытушы қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге математикалық формулалар, математикалық өлшем бірліктер, графиктер, сызбалар және суреттер т.б. жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезенде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын математика пәні сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әді-



стерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Мұндай мүмкіндіктерді қазіргі кездегі бар және жаңадан қалыптасып келе жатқан электрондық оқыту құралдары бере алады.

Осы келтірілген ережеге сай электрондық оқыту құралдарын (ЭОҚ) компьютерлік техника көмегімен өңделіп көрсетілетін, кез-келген электрондық тасымалдаушыда немесе компьютер желісінде жарияланған, білімнің сәйкес ғылыми-практикалық саласынан оқушыларға білімді, біліктілік пен дағдыларды шығармашылық тұрғыда белсенді меңгеруді қамтамасыз ететін осы сала бойынша жүйеленген материалдардан тұратын графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөздік, музыкалық, бейне, фото және басқа да ақпараттар жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Сонымен, математика бойынша электрондық оқыту құралдарын жасау үдерісінде мұғалім қандай рөл атқармасын, оның мультимедиалық оқыту бағдарламаларын жасауға қажет мәселелерді жеткілікті кәсіби деңгейде шеше алатындай білім мен дағдылары болуы тиіс. Алайда, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы математика саласы маманын педагогтық кәсіби қызметке дайындаудың қазіргі жүйесінде болашақ мұғалімдер өз пәні бойынша электрондық құралдар жасаудың негізін оқып-үйренуден тыс қалмағандары дұрыс. Осы айтылғандардың бәрі оқыту саласы мамандарына мультимедиалық оқыту бағдарламаларын жасау мен пайдалануды оқытудың қажеттігін білдіреді.

Электрондық оқулықтар негізгі білім берудің электрондық басылымдары болып табылады. Электрондық оқулықтар жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде жасалады және бағдарлама мен стандарттың дидактикалық бірліктерін анықтайтын, білім беру стандарттарына толығымен сәйкес келуі керек. Одан басқа, электрондық оқулықтар интерактивті кері байланысты жүзеге асыратын пәнді оқыту барысында дидактикалық жүйенің үздіксіздігін және толықтығын қамтамасыз ету керек. Электрондық оқулықтардың негізгі қасиеттерінің бірі оның мазмұнын қағаз жүзінде шығаруға мүмкіндік жасау болып табылады.

Электрондық оқулық – ғылыми - педагогикалық құрал.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Мультимедиалық технологиялардың қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауды және де басқа оқып үйренуге арналған құралдар жасауда көп қолданылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі оқушының жаңаша оқу қабілетін қалыптастырып, олардың жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек.Оқу үдерісінде ақпараттық және қатынастық технология құралдарын кешенді пайдалану мүмкіндігін тәжірибе жүзінде жүзеге асыру бұрыннан таныс бағдарлама құралдары мен дүниежүзілік алғы шепке сәйкес келетін жаңа құралдар болып табылатын көп функционалды білім берудің электрондық басылымдарын жасау және қолдану арқылы да жетуге де болады.Компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып математика сабағында көрсету, түсіндіру, жаттықтыру, түзету және бағалауды жүзеге асыруға болады. Математика пәні мұғалімі педагогикалық жұмыста белгілі бір нәтижеге жетуді көздеп, компьютерлік техниканы математика пәнін оқытуда тиімді пайдаланып, сабақта сапалы білім беруге қол жеткізуге болатындығы айқын.

Қазіргі заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу, оларды «оқи» білуге үйрету, стандартты емес жағдайлардан шыға білуге үйрету, қашықтан оқытуға үйрету, көп материалды аз уақытқа қабылдай білуге үйрету. Осылардың бәрін іске асыру үшін жаңа технологияларды сабаққа қолдана білу әрбір мұғалімнің міндеті. Білім беруді аталған оқыту технологиясы негізінде ұйымдастыру – оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғыза алуымен маңызды екенін ерекше атап өтпекпін.

Білімгерлерді сырттай мемлекеттік бақылауларға дайындауда пән мұғалімі математика пәніне деген өзінің көз қарасын түсіндіріп жеткізуі және математиканы санақ жүйесі немесе қандайда-бір өлшеуші құрал ретінде қана қарастырмай, біріншіден ғылым екендігін түсіндіріп, ал екіншіден кез келген оқушы жігерлік танытып, бар күш-қайратын салып талаптанса ғана меңгеретіндігі туралы бойларына сезім тудыру қазіргі кезеңдегі мектептің ең күрделі психологиялық мақсаты деп білу өте орынды. Математика арқылы оқушыға мұғалім күнделікті іс-әрекетін ғылыми стильмен жеткізу, оларды адамгершілікке, өз-өзіне сын көзімен қарауға, сонымен қатар, жауапкершілік пен адалдыққа бейімдейді. Бұл қасиеттерді бойына сіңірген оқушы келешекте қиындыққа және уақытша психологиялық қолайсыздыққа төзімді болады.



Білім беру жүйесін ақпараттандырудың бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.Компьютер оқу үрдісінде қолданылатын оқытудың тиімді құралдарының бірі. Ол оқытудың әдістері мен мазмұнын анықтамайды.. Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз білім алушыларға ақпаратты компьютер арқылы дайындау және беру үрдісі. Компьютерлік технологияға әртүрлі оқыту әдістері жатады: бағдарламалық оқыту, танымдық оқыту және т.б.

Қазіргі уақытта әрбір жаңа заманғы адам копьютерді біледі, оны жұмыста да,үйде де қолданады. Компьютерлік технологиялардың жаңа заманғы әлем бізге өте үлкен көлемді есептерді шешуге мүмкіндік береді, аз уақыт ішінде ақпараттың өте үлкен санын өңдеуге көмектеседі. Компьютер құрамдастардың даму жылдамдығы тек математикалық, графикалық есептерді шешіп қана қоймайды. Бүгінгі күні видео және аудио ақпаратты өңдеу және бейнероликтерді құру аса қиындыққа соқпайды.Компьютерлік оқыту дегеніміз- оқытудың техникалық құралдарының бірі компьютер мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Оны қазіргі уақытта электронды оқыту деп атауда.Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып екіге бөлінеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді қолдану, бейнемагнитофон, бейне дискілі құрал, теледидар кешендері негізінде құрылады, білім алушы мен техника құралдары арасында екі жақты қарым-қатынас орнайды, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын техникалық және адам ресурстарын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, білім беру формаларын оңтайландыру үшін рецептивті немесе интерактивті түрдегі электронды оқытуды жасау және жүзеге асырудың жүйелі әдісі деп санауға болады.

Математикаға қызығушылық тудырудың басты кезеңдерінің бірі – тақырып бойынша білімгерлердің білімдерін бекіту сабақтары. Бұл сабақтарда олардың білімін өздігінен жұмыс істеуге арнап, алдарына белгілі мақсат қойып, қайталау сабақтарын жарыс, ойын түрінде ұйымдастырып жүрмін. Математикалық білімнің білімгерлердің интеллектісін дамыту мен өзін-өзі дамытудың басты шарты ретіндегі тұтастығын қамтамасыз ететін тақырыптардың неғұрлым жетілген жүйесін құруда ойын элементтерін пайдаланудың маңызы зор екендігі мәлім.

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Математикалық пәндер оқытушысы Мамутова Лаура Зұлпұхарқызы**

# ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ДАМУЫ




Ақпараттық кеңістікте жаңа мүмкіндіктерге жол ашу БАҚ-та жұмыс істейтін және оқитын мамандардың дамуына әсер етеді. Біздің елімізде интернеттің кең таралуы интернет журналистиканы зерттеу және осы салада шығармашылық жұмысты белгілі бір жүйеге жүйеге ізгілендіру қажеттілігін көрсетеді. Бүгінгі таңда интернет қоғамдық өмірдің барлық аспектілерін қамтитын үлкен ақпараттық кеңістікке айналып отыр. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру және оны жаһандық қамту нәтижесінде бұл БАҚ-та «жаңа медиа», яғни интернет журналистиканың пайда болуына әкелді.

Интернет журналистика – бұл Интернет арқылы жоғары жылдамдықта ақпаратты жинауға, өңдеуге және үздіксіз таратуға байланысты әлеуметтік жұмыстың бір түрі. БАҚ-та цифрландырудың маңыздылығы қазіргі жағдайдағы жаңа бағыттар арасында интернет журналистиканы дамытудың қозғаушы күші ретінде танылады. Бұқаралық ақпарат құралдары негізінде саяси коммуникацияның субъектісі болып табылады. Бұл бүгінгі таңда медиа-желі арқылы әлемдік, мемлекеттік істер мен оқиғалар туралы электрондық нысанды жедел ұсынудың қазіргі заманғы тәсілі деуге болады. Басқаша айтқанда, интернет журналистика – бұл бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратын коммуникативті жүйеге енгізу.

Сондай-ақ әлемдік кеңістікте көрінетін интернеттің шекарасы мен пайдаланушыларының болмауы халықаралық қатынастардағы интернет журналистиканың маңыздылығының жоғарылауына, қоғамдық ой мен әлемдік жаңалықтардың таралуына ықпал етеді. Жаңа медиа коммуникация жағдайында тыңдаушылар мен тұтынушылардан тұратын медиа жүйесімен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері журналистерден медиа көздерден сапалы жаңа кәсіби дағдылар мен білім алуды талап етеді. Байланыстың заманауи әдісін сипаттайтын жаңа медиа жүйе жұмысының қажетті компоненттері белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылатын компьютер және ақпаратты әзірлеуші мен тұтынушы ретінде барлық әрекеттерді бір жүйеге байланыстыратын пайдаланушы. Бұл электронды байланыс әлемімен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін электронды әлем.

Жаңа медианың дамуы журналистердің жұмысын өзгертеді және журналистер, журналистік ұйымдар және олардың көптеген қоғамдық топтары, әсіресе аудиториялар, ақпарат көздері арасындағы қатынастарды қайта қарастыруға әкеледі. «Автор-адресат» әлеуметтік және психологиялық рөлдерінің шекаралары жойылады, мәртебелер арасындағы айырмашылық жоғалады. Бұрын журналист неғұрлым құзыретті, беделді тұлға, ақпараттың бастапқы көзі ретінде қабылданған, бірақ бүгінде коммуникативтік процеске қатысушылардың өзара байланысы желілік сипатқа ие болды, мұнда тыңдаушының немесе оқырманның аудиториясы коммуникативтік процестің белсенді қатысушысына айналады. Веб-журналистің жетекші саласы аудиториямен адал және ұзақ мерзімді қарым-қатынас құру, белгілі бір дәрежеде редакциялық бақылауды қоғамға беру мүмкіндігі болып табылады. Бұл міндет жаңа медианың әртүрлі платформаларында әмбебап веб-журналистер арасында әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады, оларға рюкзактар деп аталатындар қосылады журналистер және wiki журналистері. Бұл мәселеге басқаша көзқарасты кәсіби журналистер емес, жаңа медиа қолданушыларының аудиториясына жақын азаматтық және мобильді журналистерінен байқауға болады.

Жаңа медианың шындығы интернет журналистика авторларының жаңа түрлерін қалыптастырады, бұл осы саладағы өзгеріп отыратын басымдықтарға жауап ретінде мультимедиялық редакциялардың, блогтардың жұмыс істеуінің жаңа принциптеріне әкеледі. Медиа қоғам қайраткерлері арасында құзыретті пікірталастар өткізуді ынталандырумен қатар, бізді қоршаған орта туралы ақпараттың негізгі көзі. Сонымен бірге, медиа демократиялық үрдістің өмірлік маңызды қозғаушы күші және халықтар арасында мәдени байланыстар орнату құралы. Медиа және басқа да ақпараттық қызметтерге (кітапхана, мұрағаттар, интернет) жүктелген функцияларды тани білу медиасауатты тұлғаға жүктелетін маңызды құзыреттілік. Медиасауаттылық және ақпараттық сауаттылықтың қоғамдық өмірде алатын орны өте ерекше деуге болады.

Медиасауаттылық – цифрлық технология дәуіріндегі медианың әр типіне жақсы икемделу мен олардың мәнін түсіну қабілеті. Қазіргі қоғам әртүрлі ақпарат көздерінен кең көлемде ақпарат береді және тек ақпараттың үйреніп қалған дәстүрлі ақпарат құралдары (теледизия, радио, газет пен журналдар) ғана емес, сонымен қатар мәтіндік хабарламалар, бейне роликтері, әлеуметтік желілер, бейнеойындар, жарнама және тағы басқалары. Бірақ барлық медиажүйелерді біріктіретін мақсат – ол ақпаратты белгілі бір себеппен құрастыру. Бұл себепті түсіну үшін әр адам сыни ойлауға үйренуі қажет.

**Турабаева Л.К., «Журналистика және қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент**

# ЖАРЫМЖАН ЖАННЫҢ ДА ЖАНЫН ТҮСІН...

Қоғам. Күнделікті тіршілік. Дүниеде он екі мүшеңнің сау болуынан артық бақыт бар ма? Ал сен, оқуға немесе жұмысқа не болмаса көшеге шыққаныңда өзіңнен де өзге адамдарға көз саласың ба? Жаны жаралы, жүрегі таза, ерекше жандарды көрдің бе? Жоқ, ол ерекшелік келбетте емес, әлде үстіне киіп алған шүберекте емес. Ерекшелік – біз оларды басқа адамдарға көңіл бөлгендей сыңайда қарамауымызда. Олар – біздің қоғамдағы өмір сүріп жүрген мүмкіндігі шектеулі жандар. Өмір тәлкегіне түскен жарымжан жандар туралы не білеміз біз? Қоршаған ортадан жылу іздеген жандар... әрқайсысының ой түбінде бір сыр жатқандай. Осындай күйіне қалай түсті, неге ұшырады екен? Осы сұрақтар келеді санаға. Туыла біткен бе, әлде жарақат алу нәтижесінен бе, осы күйге түскені... . Осыны ойласам, қатты жаным ауырады екен. Мен үшін бұл өзекті мәселе.



Қос жанарынан айырылып шарасыз күй кешкендер қоғамда көптеп кездеседі. Жайнап тұрған жас жанарларынан нұры қайтып, алыс пен жақынды айыра алмайтын жағдайға жеткенде, таяқпен түртіп жүретін жанның жайын көріп кейде бір сәтке айналаға ойлана қарайсың. Көздерін қараңғылық қаптаса да, кеудесіндегі санасы дәрменсіз күйде өмір сүруде. Ал, өзі-өзіне тірек бола алмай, аяғынан немесе қолынан айырылғандар ше? Жалпы, өмірдің қиын жағдайларына еріксіз түскен әрбір жанға оған демеу болатын күш-жігер, қайрат қажет. Мұндай демеуді әрине біз, қоршаған ортасы беруіміз керек. Олардың жұрт көзіне, көшеге қорықпай шығулары үшін, ол өте қажет. Маған, болашақ журналист ретінде осы мәселелер өзекті болып саналады. Мұндай азаматтарға барынша қорғау, әлеуметтік жұмыс жүргізу сияқты проблемаларды қолға алуымыз қажет. Олардың қызығушылықтарымен санасып, мемлекет тарапынан көмек көрсету жеткіліксіз деп ойлаймын. Олардың неге қоғамға ренжулі екенін жиі көреміз? Себебі расымен де, біздің қоғамда олардың толыққанды өмір сүруіне әлі де жағдай толыққанды жасалған ба? Қолдау және қорғау шаралары жүргізілуде, алайда әлсіз. Мәселен, күнделікті өмірді алып көрейік, көшеде мүгедектің мүгедектік арбамен кетіп бара жатқан адамды көре алмайсың. Себебі олар жүретін, баратын жерлерде инфрақұрылым нысандары барынша жасалмаған. Пандустар қойылмаған, дәмханалар мен басқа да объектілерге кіріп-шығу қызмет алуға, еңбек етуге, жұмысқа оңай орналасуға т.б. сынды жағдайлар жоқтың қасы. Сондықтан да, олар үйінде отыруға мәжбүр. Яғни, әлеуметтік масылдылықты туындатқысы келмейді. Адамның көңіліне қарап сөйлеу – имандылықтың белгісі, сондықтан да, егер жарымжан азаматтарды көріп жатсаңыз, барынша теңдік орнатып сөйлеңіз. Жүрегі жаралы жандарға, қолдан келгенше адамгершілік танытыңыз, барынша қарапайым болыңыз.

**Эммен Нұрдана Журналистика мамандығының 3 курс студенті**
**Жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Турабаева Л.К.**



# «LE FRANÇAIS, C'EST SUPER!»

Французский язык невероятно красив и мелодичен. И неудивительно, что он всегда был и остается языком культуры и искусства, свободного и непринужденного и, как правило, культурного общения. Именно поэтому я выбрала французский язык в качестве своего второго иностранного языка и, не медля ни минуты, вступила в студенческий научный кружок французского языка «Le français, c'est super!».

Наш кружок был организован преподавателем французского языка нашей кафедры Ералиевой З.Ж. в начале учебного года из числа первокурсников, интересующихся этим замечательным языком. Ежемесячно мы собирались на заседания кружка и знакомились с помощью демонстрации презентации с административными, культурными, историческими особенностями страны изучаемого нами второго иностранного языка, традиционными праздниками, а также достопримечательностями и туристическими местами во Франции, публиковали на сайте кафедры, факультета информацию об известных французских деятелях литературы, искусства, науки, тем самым обогащая свою духовную культуру, слушали выступления студентов - членов кружка об их научно-исследовательской работе, с которой они выступали на студенческой научно-практической конференции университета.

Наряду с этим в течение учебного года мы вели переписку со студентом из Канады François Latreille. Благодаря этому общению мы узнали много интересного о культуре франкоязычных людей, проживающих в Канаде, в то время как ему было очень интересно познать казахскую культуру и язык. Стоит отметить, что это было бесценным опытом для всех участников нашего кружка и для нашего канадского друга тоже.



8 февраля 2023 года состоялось городское мероприятие «Nuit de la lecture», организованное Французским альянсом Шымкента на тему «В мире сказок и волшебства» совместно с Бектаевой Даной и библиотекой им. А.С.Пушкина при поддержке Посольства Франции в Казахстане. В данном мероприятии принимали участие школьники школ №20 и №23, студенты Университета Мирас и ЮКУ им. М.Ауэзова и музыкального колледжа. Там все участники читали сказки Даны Эрик, инсценировали отрывки из произведений французских писателей и поэтов. Они получили в качестве памятных подарков книги французских авторов, календари и ручки в трёх цветах.

Особое место в жизни наших студентов занимает участие в большой программе ежегодного праздника Франкофонной весны. В этом году он проводился в марте – апреле.

В рамках этого праздника мы посетили сеансы показов франкофонных фильмов, которые были продемонстрированы в кинозалах нашего города - «Mega Planet», «Nauryz Park», а также во Французском Альянсе г. Шымкент в сотрудничестве с Посольствами Франции, Бельгии, Канады, Швейцарии и Румынии в Казахстане.

Также мы приняли участие в ряде городских мероприятий и конкурсов.

Одним из самых первых конкурсов в рамках праздника Франкофонной Весны был конкурс французской поэзии, который состоялся 24 марта текущего года, во Французском Альянсе г. Шымкент, на котором студенты и школьники нашего города выступили с поэтическими произведениями на французском языке на тему «L'Amour». Приняв участие в данном конкурсе, и познакомившись с французской литературой, наш духовный мир был обогащен культурно и наполнен чувством прекрасного. Количество студентов, принявших участие в этом конкурсе, было более 20 и все произведения, с которыми они выступили, были великолепными и неповторимыми. Думаю, что жюри было нелегко выбрать победителей. Несмотря на большое количество участников, всех призовых мест были удостоены студенты нашей кафедры, а именно Кураева К. (ФИ-22 4кр) - первое место, Газиз Д. (ФИ-22 4кр) - второе место, Азизкызы А. (ФИ-22 7р) - третье место. Всем остальным участникам были вручены сертификаты.







28 марта в 11:00 состоялась встреча с французским режиссером Yannick Besancon. Была увлекательная и познавательная беседа, студенты задавали интересующие их вопросы и получили исчерпывающие ответы.

Невозможно представить Франкофонную весну без традиционного конкурса кухни, поскольку именно кухня является важной составляющей французской культуры. Не зря же французская кухня признана ЮНЕСКО наследием мировой культуры. Ведь мы все знаем эти знаменитые круассаны, вино, а также гордость французской нации – сыры на любое предпочтение, не так ли?! Конкурс кухни состоялся 25 марта этого года, во Французском Альянсе г. Шымкент. Члены нашего кружка также приняли в нем активное участие. Трубина Ж. и Касымова А. (ФИ-22 4кр) заняли почетное первое место, Куанышбаева Г. И Маккамжанова М. (ФИ-22 7р) получили второе место и были награждены памятными подарками. Надо отметить, что в составе жюри были носители языка - Thomas Moor с супругой и дочерью, временно проживающие в Шымкенте.

Ещё одним ярким моментом Франкофонной весны для меня стало участие в городском фестивале театральных постановок на французском языке. Он прошел 14 апреля, в актовом зале нашего главного корпуса. В нем приняли участие студенты с разных ВУЗов, а также ученики разных школ. Следует отметить, что даже сам процесс подготовки к презентации нашего спектакля, оставил теплые и незабываемые воспоминания, так как он был веселым и очень развлекательным для всех нас. Наша команда была удостоена номинации «За красочную декорацию» за театрализованное представление знаменитой сказки Ш. Перро «Кот в сапогах» («Le Chat Botté»). А ведущая нашего спектакля Белова К., студентка 1 курса магистратуры при нашей кафедре, была удостоена номинации «За превосходное владение французским языком», Кроме этого, всем главным персонажам нашего спектакля, в том числе и мне, были вручены памятные подарки от Французского Альянса.

Также 4 апреля была организована встреча с французским писателем и путешественником Philippe Valéry для студентов нашего ВУЗа, в рамках Фракофонии 2023. В свои 33 года, он совершил большое путешествие, преодолев более 10 000 километров пешком от Марселя до Кашгара в Китае. Он рассказал интересные истории из своей поездки и презентовал свою книгу «Par les Sentiers de la Soie».

Я очень рада, что выбрала французский в качестве второго иностранного языка и думаю, что этот опыт пригодится в моей будущей карьере. Большое внимание уделяет нам и заведующая нашей кафедры Карбозова Г.К. Она, несмотря на свою занятость, старается присутствовать лично на всех наших мероприятиях и конкурсах. И это нас очень вдохновляет.

Наставничество Зауре Жумахметовны, привело нас к многократным победам и номинациям, чему мы очень благодарны и признательны. Ведь именно она смогла раскрыть и развить наши творческие потенциалы. Благодаря ей из раза в раз, выступая перед публикой на французском языке, я стала еще более раскрепощенной и уверенной в использовании французского языка в своей речи.

Члены студенческого научного кружка французского языка «Le français, c'est super!», включительно и я, внесли свой большой вклад в копилку достижений нашей кафедры, приняв активное участие во всех городских конкурсах, организованных Посольством Франции в РК в рамках праздника Франкофонии, а также во всех встречах, конференциях, семинарах проведенных у нас в сотрудничестве с Французским Альянсом.

Я верю в справедливость утверждения «L'avenir appartient à ceux qui croient à la beauté de leurs rêves». (Éléonore Roosev)

«Будущее принадлежит тем, кто верит в красоту своей мечты» » (Éléonore Roosev)



**Ергеш Ә.Н., студентка гр. ФИ-22 4кр кафедры «Современные языки и переводоведение»**





# БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз» деген болатын. Осы орайда мегаполистің 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында спорт саласын дамыту мәселесі қамтылған. Осыған байланысты нақты көрсеткіштер мен индикаторлар белгіленген. Соның тізбесінде халықты жалпы спортқа тарту жоспары 4 бағытқа негізделген.



Біріншіден, дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың елу пайызына дейін жеткізу мақсаты тұр. Екіншіден, қала тұрғындары мың адамға арналған спорттық инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілуге тиіс. Үшіншіден, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын мүмкіндігі шектеулі жандардың қатарын арттыру көзделіп отыр. Төртіншіден, спортқа құмар жастар (14-18 жас) санын көбейту жоспары тұр.

Меженің орындалуына келсек, былтырдың қорытындысы бойынша қаладағы дене шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылданушылар саны 498 852 адамды (42%) құрады. Сондай-ақ өткен жылы «On Fit» спорт кешені, «World class-2» спорт кешені, «Urpaq» спорт нысаны, «Turan ГХА» спорт нысаны пайдалануға беріліп, халықты спорттық инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету көрсеткіші 60 пайызға орындалды. Қазіргі уақытта қала аумағында дене шынықтыру және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ 15 644 мүгедек тұрады, оның 2 036-ы спортпен шұғылданады. Соңғы жоспарға сәйкес бүгінде 45 мыңнан аса жас спорт үйірмелеріне барады. «2023 жылдың I тоқсанында өткізілген бұқаралық спорттық іс-шаралар туралы айтсақ, қала мектептері арасында футбол, волейбол, баскетбол, шахмат сияқты спорт түрлерінен наурыз-маусым айлары аралығында 526 команда құрамындағы 6 240 бала қатысатын «Шымкент жастар лигасы» өтеді. Сондай-ақ биыл заманауи атшабардың ашылуына және «Наурыз Шымкенттен басталады» атты ауқымды мерекелік іс-шараға орай спорттың 9 түрінен (қазақ күресі, бәйге, көкпар, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, асық ату, теңге ілу, аударыспақ және тоғызқұмалақ) «Great qazaq games» ұлттық ойындары өткені белгілі. Ұлттық ойындарға еліміздің әр өңірінен және шетелдерден жалпы мыңнан аса спортшы қатысты. Оның ішінде Қырғызстан, Өзбекстан, Монғолия, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Польша, Сауд Арабиясы, Түркия мемлекеттерінен де өрендер болды».

Шымкентте жалпы 34 спорттық ұйым жұмыс істейді. Осы спорт ұйымдарында 18 242 спортшы мен штаттағы 906 жаттықтырушы оқу-жаттығу сабақтарын жүргізуде. Балалар мен жасөспірімдер аталған мекемелерде спорттың 75 түрі бойынша жаттығады. Оның 37-і олимпиадалық, 28-і олимпиадалық емес және 10-ы ұлттық спорт түрлеріне кіреді. Жоғары спорттық жетістіктер бойынша 2023 жылдың 3 айдағы жеткен нәтижелері жайлы баяндасақ, қала спортшылары Қазақстан Республикасының бірнеше чемпионаттарына қатысып, 185 алтын, 182 күміс, 180 қола медаль жеңіп алды. Жалпы медаль саны – 547. Азия чемпионаттарында шымкенттік өрендер 6 алтын, 9 күміс және 10 қолаға қол жеткізсе (жалпы 25 медаль), осы уақыт арасында Әлем чемпионаттарында 1 қола медальға ие болды. Мәселен, 2023 жылдың 16-27 қаңтары аралығында Бангкок қаласында бокстан 22 жасқа дейінгі жастар арасын-

да өткен Азия чемпионатында 57 кг салмақта Сабырхан Махмуд 1-орын, 67 килода өнер көрсеткен Абзал Серік 2-орын және 75 кг салмақта шаршы алаңға шыққан Дидай Дана 3-орынды иеленді. Осы салаға жауапты басқарманың берген мәліметіне сәйкес биыл 3 айдың қорытындысы бойынша Еңбегі сіңген 1 спорт шебері, 5 Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 29 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 46 спорт шеберіне үміткер спортшылар дайындалды. Сонымен қатар Ұлттық құрама сапындағы ересектер құрамасына – 427, жастар құрамасына – 353, жасөспірімдер құрамасына 331 спортшы енді. Жалпы, 1 111 спортшы Ұлттық құрама ішінде ел намысын қорғайды.

Өз кезегінде халықты салауатты өмір салтын ұстануға бейімдеу мақсатында қала тұрғындарының қатысуымен ауқымды спорттық іс-шаралар ұйымдастыру жоспарда бар. Мұнан өзге, шаһардағы танымал спортшылардың жастармен кездесуін өткізу, спорттық бейнероликтер дайындап әлеуметтік желілерге жариялау жұмыстары жүргізілмек.

«Басқармаға спорт саласына қатысты түскен хаттамалық тапсырмалар бақылауға алынып, барлық жоспарды тұрақты орындап келеміз. Өз кезегінде қала әкімі М.Әйтеновтің халықпен кездесуінде осы салаға қатысты бірнеше мәселе көтерілген болатын. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі азамат, спортшы Е.Қалымбетовке 1-қабаттан 2 бөлмелі пәтер алып беру керек болған. Бүгінгі таңда бұл мәселе өз шешімін тапты», деді басқарма басшысы Б.Тұманбаев. Сондай-ақ биыл 17 қыркүйек күні 5 мыңнан аса қала тұрғынының қатысуымен «Шымкент марафон» спорттық іс-шарасын өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар қала жасөспірімдері арасында футболдан чемпионат, мемлекеттік қызметшілер, медицина, құқық қорғау, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында спартакиада, ұлттық спорт түрлерінен мектеп оқушылары арасында жарыс, Шымкент қаласының қыздар арасында футболдан чемпионат өткізу жоспарланып, аталған спорттық іс-шараларға 42 мың қала тұрғыны мен спортшылар қатысады деп күтілуде.

Биыл халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған 3 спорттық нысан ашылады деп жоспарланған болса, жыл басынан бері екі нысан ашылып, пайдалануға берілді. Солардың бірі – үстел теннисі спорт кешені. Құрылысты «Отау Строй» компаниясы жүргізді, нысанның жалпы аумағы 2 мың шаршы метрді алып жатыр. Жобаның жалпы құны – 1,2 млрд теңге. Мамандандырылған залда 12 үстел қарастырылған және тек аймақта ғана емес, республика көлеміндегі теннисшілер жарыстарға дайындалып, оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, турнирлер ұйымдастыра алады. Жобадағы үшінші нысан – «Металлург» стадионы. Қазіргі танда стадионның реконструкциялау жұмыстары аяқталуға таяу. Жоба құны – 3 813,5 млн теңге. Жаңартылған нысанда спортшылар үйі, ойын түрлеріне арналған 2 спорт зал, жекпе-жек спорт түрлеріне арналған 2 спорт зал, 1 504 орындықты футбол стадионы қарастырылған. Қайта қалпына келтіру жұмыстары «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында өткен жылдың наурыз айында қолға алынған. Мердігер мекеме – «Югстройсервис-Н» ЖШС. Қазіргі танда құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталуға жақын қалды. Нысанның құрылысына 60 жұмысшы, 5 техника жұмылдырылған. Құрылысты жыл соңына дейін тапсыру көзделуде. Айта кетейік, спорт кешені өткен ғасырдың 70-жылдары салынған және 2017 жылы әкімдік балансына өткен. Жоспарға сай мұнда тек футбол ғана ойнап қоймайды. Сонымен бірге спорттың 11 түрімен айналысады. 1500 адамға арналған мінбер бар, сондай-ақ әкімшілік-тұрмыстық корпус, командалық ойындарға арналған спорт залдар мен Шымкентте тұңғыш рет Спортшылар үйі ашылады.

«Бұқаралық спорттың даму қажетті спорттық инфрақұрылымға байланысты. Қалада статистикалық есеп бойынша 1 077 спорттық нысан болса, соның 150-і – жекеменшікте. Биыл 6 спорт нысанының құрылысы жүргізіледі. Бұл – Тұран шағын ауданындағы «Теннис орталығы», №15 спорт мектебінің спорт кешені және жеке кәсіпкерлер есебінен салынатын спорттық нысандар. Бұдан бөлек, мегаполистегі Қажымұқан атындағы орталық стадион қайта жаңғыртылады. Шымсити аумағынан көпфункционалды «Шымкент арена» спорт кешені бой көтереді. Кейінгі екі жобаның жүзеге асырылуы келешектің еншісіне қалып отыр. Осы тұрғыда айта кетеріміз, спорттың адамның рухани әлемі үшін де маңызы зор. Бастысы – ниет пен «Спортпен шұғылдануға уақыт табылмай жүр» немесе «Тұрақты бет бұру үшін қаражатымыз жетпейді» деген сынды түрлі сылтаудан, еріншектік пен жалқаулықтан арылып, дене жаттығуларымен етене айналысқан абзал. Себебі елімізде спортпен айналысуға барлық жағдайлар жасалған. Соның ішінде қаламыздың әрбір бұрышынан спорттық алаңқайларды көруімізге болады. Сондықтан әрбіріміз өз денсаулығымыз үшін күресіп, спортпен шұғылдануды қолға алуға асығайық!

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әлібек Сейдехан Нұрмаханұлының басшылығымен, біздің оқу-орнымызда денетәрбиесі және спорт мамандығына республикалық және облыс, қала аралық жарыстарға бізге қолау көрсетіп келеді.

2023 жылдың 30 наурыз күні Білім басқармасының қосымша білім беру оқу салалық орталығы «Дене шынықтыру және спортты дамыту» бөлімінің 2023 жылғы жоспарына сәйкес, «Ұлттық Колледж Лига» жарысының волейбол спорттық ойыны бойынша қыздар арасында Шымкент қаласы бойынша М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің білім алушылары жүлделі І орынды жеңіп, университет колледжі Шымкент қаласы атынан Астана қаласында өтетін Республикалық чемпионатқа және Семей қалаларына жолдама алып, жүлделі орынға ие болдық.









**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Денешынықтыру және спорт пәні оқытушылары, Сандыбаев Азамат Абдрахманұлы, Сайыпов Досан Мейірханұлы**

# «Академик» открывает летний сезон

После долгого перерыва, связанного с пандемией и капитальным ремонтом, возобновил свою работу спортивно-оздоровительный комплекс ЮКУ им. М.Ауэзова «Денсаулык». Это событие особенно обрадовало членов футбольного клуба «Академик».



Созданный в конце семидесятых-начале восьмидесятых годов прошлого столетия молодыми преподавателями инженерно-строительного факультета Казахского химико-технологического института, клуб «Академик» переживает сейчас свою вторую молодость. Члены клуба принимают активное участие в спортивных состязаниях, проводимых в университете и в городе. В частности, команды «Академик» - участники соревнований по мини-футболу, проводимых Лигой любителей футбола (ЛЛФ) города Шымкента в возрастных категориях свыше 40 лет, свыше 50 лет и свыше 60 лет.

Благодаря поддержке руководства университета членам клуба «Академик» два раза в неделю было предоставлено поле спортивно-оздоровительного комплекса «Денсаулык». А также возможность после игры посетить бассейн спорткомплекса. Необходимо отметить работу персонала «Денсаулык» по регулярному поливу и подстрижке газона на футбольном поле.

Хочется выразить благодарность всем работникам спортивно-оздоровительного комплекса «Денсаулык» и особенно руководителю Тапирову Юнусу Алаевичу за созданные хорошие условия и доброжелательное отношение к посетителям спорткомплекса.

**Серикбаев Б.Е.,**
**доцент, руководитель футбольного клуба «Академик»**

## Еске алу

# Шалабай Мадешұлы Қаратаев мырзаның ерен еңбектерінен үзінді!

Көпшілік еліміздің зиялы азаматы ретінде таниды. Өмір жолында еңбек сүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие тұлға ретінде ел игілігіне бөленіп, облыс, аудан, ауыл тұрғындарының алдындағы абырой-беделін атап өтпей кетуге болмас.



1980 жылдан Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысының Сайрам ауданында Ветеринария саласында аянбай еңбек еткен, іскер маман иесі.

2003 жылдың 12 мамырында М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Агроөнеркәсіп» факультеті құрамынан «Ауыл шаруашылығы өндірісі» кафедра, «Ветеринарлық клиника» т.б. ашылуына сүбелі үлесі көп болған.

Міне 2003 жылдан бергі уақытта М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Аграрлық» факультетінің «Ветеринарлық медицина» кафедрасының тәжірибелі аға оқытушысы міндетін абыроймен атқарған бірегей әріптес.

Оқу әдістемелік ғылыми еңбектері: 60 - тан астам, оның ішінде 5-оқулық, 10-оқу құралы, 10-оқу әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар, облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеде ғылыми мақалалары жарияланған.

Түрлі БАҚ өкілдерімен сыр-сұхбат берген газеттерде, телеарналарда видео сюжеттермен тәжірибелік сабақтар түсірілген.

Алыс жақын шетелдерден (Австралия, Венгрия, Канада т.б.) асыл тұқымды ірі қара малдарын әкелуде кеңесшілік малдәрігері-эксперті, т.б. түрлі қоғамдық жұмыстар қызметін атқарды.

Жұмыстан тыс уақытта Түркістан облысы бойынша Біліктілік жоғарылату курс тыңдаушыларына, Ветеринария қызметкерлеріне «Жұқпалы, жұқпалы емес аурулар» тақырыбында, «Кәсіпкерлік негіздері» пәнінен дәрістер берді.

Алыс жақын шетел Өзбекистан Республикасының Ташкент мемлекеттік аграрлық университет студенттеріне де Келісім шарт аясында дәріс оқыды. Өмірден мол тәжірибе жинақтап, студент жастарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп жас мамандарға, көпшілікке - аға, ақылшы, көмекші болып жүрген азамат. Осынау игілікті істен қанаты талмаған, қажыр-қайраты қашанда арта берген, өте еңбекқор көпсалалы әріптес!

Осындай асулардан асып, берекесі тасып, ата жолынан айнымай ұл-қыздары мен немере-шөберелердің рахатын көрді, 40 күн бұрын тағдыр ортамыздан Шалабай Мадешұлының өмірін сұм ажал алып кетсе де, ізгілікті еңбектері әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң, «Болашақ» халықаралық стипендия лауреаты, аграрлық факультеті «Ветеринарлық медицина» кафедра доценті, в.ғ.к., И.А. Тұтқышбай**

# Мал тұқымын асылдандыру шаруашылықтың сапасын жақсартуға көмегін тигізеді



Ауылдағы ағайынға неше жылдан бері малды асылдандыру, малды түрлендіру жұмыстары жүрмей келгендіктен, мал ұсақталып кетті, сиырымыз ешкі, ешкіміз лаққа айналған заманға жеттік. Бұған жайылымдардың пайдаланылмауы да ықпал етті. Оның үстіне, қой шаруашылығы мен оның өнімін тұтынушы азық-түлік және тоқыма индустрияларымен арадағы интеграция жойылған, шикізат дайындау инфрақұрылымы да жоқ. Ал оны қалпына келтіру үшін әуелі мал басын көбейту қажет. Ендігі арада ауыл шаруашылығы ел экономикасының драйверіне айналуы керек.

Мал тұқымын асылдандыру — малдың тұқымдық сапасын жақсартуға, өнімділігін арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі. Ол малды зоотехникалық тұрғыдан бағалау, тиімді белгілеріне қарай таңдау, сұрыптау, жұптау, төлді дұрыс өсіру сияқты басты-басты жұмыстардан тұрады. Тұқым жақсарту ережелері биологиялық әсіресе генетика жетістіктеріне негізделеді. Асыл тұқымды мал зауыттары, асыл тұқымды мал шаруашылықтары, мал тұқымын асылдандыру станциялары мал тұқымын асылдандыру базалары болып саналады. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының басты міндеттеріне малдың өнімділік және тұқымдық қасиетін жақсарту, өздерін және басқа өндірістік шаруашылықтарды қамтамасыз ету үшін сапалы тұқымды мал өсіру жатады. Мал тұқымын асылдандыру жұмысын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік шаралар тұқымдық мал көрмесін ұйымдастыру және мал тұқымдарын әр түрлі аймақтар мен облыстар бойынша аудандастыру болып табылады. Аудандастыру жоспарын жасағанда үш қағида басшылыққа алынады: 1) халық шаруашылығына қажеттілігі; 2) мал тұқымының биологиялық және өнімділік ерекшеліктері; 3) аймақтың табиғи-климаттық және экономикалық жағдайы. Өзге тұқымдарға араластырмай, таза күйінде өсірілген малдың бағалы қасиеттері сақталады. Мал тұқымын асылдандыру барысында аса бағалы асыл тұқымды мал алынып, белгілі бір тұқымдық топқа жатқызылады. Тұқымдық мал зауыттарында, станцияларында жаңа желілер, аналық ұялар, жаңа тұқымдар шығарылады. мал тұқымын асылдандыру жұмысында, мұнымен қатар, шағылыстыру гибридтеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Мемлекет басшылығы жүктеп отырған міндет – осы. Қалай, қайтіп?.. Ең алдымен, төрт түлік малдың тұқымын асылдандыру парыз. Соңғы жылдары тұқымы азып кеткен жергілікті малдың жілігі татымайтыны ақиқат. Ал, ірі қара мен қой тұқымын асылдандырамын десеңіз, оның да оң шешімі табылып тұр.

Иә, үйдегі 4-5 сиырдан асыл тұқымды түлік алуға болады. Тіпті, ұрықтандыру тегін жүргізіледі. Голландиялық гольштейн, швицариялық швиц және симментал тұқымы етті және сүтті бағытта қолданылады. Аталған асыл тұқымдылар ұрығы «Қазына» компаниясы арқылы «Шиелі Қазына» кооперативіне келеді. Кооператив басшысы Е.Жеңсікбаев ауданда мал шаруашылығын дамытуды көздеп отыр. Ал, еңбекшілік Сәбира Қалымбет «Қазына» оқу орталығында арнайы курс оқып, мал ұрықтандыру маманы атанды.

– Мал басын асылдандыру – үлкен мәселе. Бұл – мал шаруашылығынан түсетін өнімнің көлемін ұлғайтып, бәсекеге қабілетті ету. Мен жұмысты ең әуелі Еңбекші ауылдық округінен бастадым. Бүгінгі таңда 4 сиырға ұрықтандыру жұмысы жүргізілді. Оның біреуінен жақында асыл тұқымды түлік алынды. Бірақ, әлі де болса аудан тұрғындары төрт түлігін асылдандыруға ден қоймай келеді. Ақысыз түрде жүргізілетін ұрықтандыру ісіне де қызығушылық танытып жатқандар көп емес. Мүмкін ақпараттандыру әлі де толық жүргізілмей жатқан шығар, – дейді С.Қалымбет.

Жаңылмасақ, қазақ жерінде 1930 жылдары отандық ірі қара ақбас сиыры өсіріле бастады. Ақбас сиыр – Қазақстан мал шаруашылығының брендтерінің бірі. Асыл тұқымды ірі қара ішінде ең кең тарағаны да, шаруашылықтарға көбірек пайда әкелгені де – осы сиыр. Ақбас сиыр басын көбейтіп, етін экспорттау мал шаруашылығын дамыту бағытына да сай келеді. Өкінішке қарай, еліміздің мақтанышына айналған ақбас сиырдың саны жыл санап азайып барады. 1992 жылы 1 миллион 16 мың бас сиыр болса, 2018 жылы 271 мың басқа дейін, яғни 3,7 есе азайып кеткені осыны көрсетеді. Кеңес

өкіметі кезінде барынша тиянақты жүргізілетін селекциялық жұмыстардың тоқырауы, мал тұқымын асылдандыру ісінің назардан тыс қалуы асыл тұқымды мал басының азайып кетуіне себеп болғаны түсінікті.

Ірі қара тұқымын асылдандырып, тұралап қалған мал шаруашылығын қайта жандандыру, ет, сүт өнімдерін экспорттау мәселелерін жолға қою мақсатында жануарларды қолдан ұрықтандыру технигі маманы Сәбира Мырзахметқызы ақбас сиырының тұқымында әкелуге болатынын айтады. Тек бұл асыл тұқымдыдан түлік алу ақылы негізде жүргізіледі екен. Мал шаруашылығына қызыққан бүгінгі кейіпкеріміз алдағы уақытта қойды асылдандыру бағытында жоспарлары барын тілге тиек етті. Қолдан ұрықтандырылған малдың жай-күйін бақылауға алатын ол ветеринар санитары мамандығының да оқыған.

– Халықтың үдемелі өсімін қажетті азық-түлікпен, әсіресе, етпен қамтамасыз ету – әр мемлекеттің өзекті мәселесі. Мәселен, бір адам жылына 85-90 келі ет тұтынуы қажет болса, бүгінде адам басына шаққанда орташа 40 келі ет өндіріледі екен. Адамның күнделікті тұтынатын тағамдарының 60 пайызы – мал өнімдері. Қазір жер жүзінде 900 миллионға жуық қой бар деп есептейтін болсақ, соның 15,7 миллионы – Қазақстанда. Әлемде жалпы саны 600 қой тұқымы болса, соның 15 түрі бізде бар. Әрине, мұның өзі бір ел үшін аз емес. Одан әрі қой тұқымын түрлендірер болсақ, әлем елдері алдында да беделіміз арта түседі деп ойлаймын – дейді, С.Мырзахметқызы.



Жөн-ақ! Әйтсе де қазір кеңестік кезендегідей мал басын жоспарлап көбейтудің ауылы келмеске кеткендей. Бар үміт жеке шаруа қожалықтарда. Қазірде сонау 30-жылдардан бері өзіндік құнын төмендетпеген қазақтың еділбай қойы, қылшықты қойы, биязы жүнді қойларының тұқымы ұсақталып, өрісіміз тарылып, асыл тұқымды мал алудың тетігін таба алмай жүргеніміз жасырын емес. Ал Голландия, Германия, Норвегия, Австралия тәрізді елдер мал басын асылдандырып, халықаралық ветеринария ұйымының алдында бедел жинап үлгергелі қашан?! Осындайда «ежелден мал өсіру қанында бар мал баққан қазақтың жоғары межеден көріне алмауына не себеп?» деген сауал еріксіз туындайды.

Қалай десек те, қазақ баласы «малым – жанымның садағасы» деген қағидамен күн кешті. Жаугершілік заманында да өрісін тарылтпауға, өзегін талдырмауға тырысқан қазақ баласы мал қадірін ұғынған халық. Өркениеттілікке бір табан жақындап, дамушы елдердің қатарына қосылуды көксеген ұлтымыз ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы саласының жөні бөлек екендігін ескерусіз қалдырмасы анық. Десек те, біз әлі



де болса көршілерімізден ет-сүт өнімдерін «сұраудан» жалықпай келеміз. Әрине, мал өсіру оңай-оспақ шаруа емес. Қайткен күнде де моншақтап төккен маңдай терің ырыс болып оралатын адал кәсіп. Сол кәсіпті бүгінгі талапқа сай дөңгелету мал тұқымын асылдандыруға тікелей байланысты дейді күнделікті тәжірибесінен істің жайын түйсініп отырған малсақ қауым. Әрине, тегі асылдың таразы басын тартатыны анық қой!

Қазақтың шаруасы жалға алған ары кетсе 100 гектар суармалы жері бар, 200 гектардай тәлім жері, 300-400 гектар мал жаятын жері бар шаруа. Мен айтып жүрген қазақ шаруасының бейнесі – осы. Ал субсидия алып жатқан, жүздеген мың гектар жері барлар қазақтың шаруасы емес, олар үлкен агроқұрылымдар. Оларға да ары кеткенде 500-1000 гектар жерді жекеменшікке беруге болады. Өйткені олар да жерге қаржысын салады, үлкен құрылыс тұрғызады. Олар да осы елдің азаматтары, үлкен көлемде салық төлеп, экономиканың дамуына үлес қосып жатыр. Бүгін олардың жалға алып отырған 500 мың – 1 млн гектар жерін басы бүтін жекеменшікке беруге болмайды. Көп дегенде 1 мың гектар жер беруге болады. Қазақтың шаруасында қолы әрең жеткен бір тракторы бар, оны алам деп қарызға батып қалған. Қазақтың кей шаруасында трактор да жоқ. Бірақ жер емейін деген ниеті бар, ауыртпашылықтарға қарамастан, қазақ жерін қорып жүр. Жерден өнім алып, елді асырауға үлес қосып отыр. Міне, осы шаруаларға жер керек. Оларға беретін жер жоқ дегенмен келіспеймін. Жоғарыда Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі 206 млн гектар дедім ғой, міне соның 101 миллион гектары ғана игеріліп жатыр. Сонда 50 пайыздан астам жер игерілмей тұр. Сондықтан қазақ шаруасына беретін жер жоқ деген сөз айтылмауы керек. Ол қандай жер, қай жақта, оны қалай алуға болады, ол екінші мәселе. Анығы сол, игерілмей жатқан жер жетеді. Сол жердің игілігін ел болып көруіміз керек.

**Исмаилова Жадыра Әуелханқызы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі, Ветеринария мамандығының пән оқытушысы**

**Меншік иесі:** Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

**Редакциялық кеңес:**
Кожамжарова Дария Пернешқызы - М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор
Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич - бірінші проректор
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

**Дизайнер:** Наиля Заббарова
**Редакция мекенжайы:**
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
gazeta@auezov.edu.kz